

Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 ақпанда № 10238 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 94-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 12 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрдің міндетін атқарушы

_____ Ұ. Қарабалин

2015 жылғы 8 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 357 бұйрығымен бекітілген

Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 94-15) тармақшасына сәйкес әзірленген және газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газды дайындау және қайта өңдеу объектілері – газды дайындау және қайта өңдеудің бірыңғай технологиялық процессіне біріктірілген құрылғылар, жабдықтар, құрылыстар, ғимараттар және үй-жайлар;

2) жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесі – объектінің техникалық басшысы бекіткен, детальдардың, түйіндер мен механизмдердің мезгілінен бұрын тозуының алдын алу мен оларды жұмысқа қабілетті қалпында ұстап тұруға бағытталған технологиялық жабдықты жөндеу жөніндегі техникалық іс-шараларды өткізу кестесі;

3) мұнай мен газды дайындау қондырғысы – мұнай-газ ұңғымаларының өнімін қабылдауға, оны алдын-ала мұнай, ілеспе газ бен қабат суына бөлуге арналған қондырғы;

4) рұқсат беру-наряды – қолданыстағы кәсіпорыннан шығатын өндірістік қауіп бар немесе туындайы мүмкін болған кездегі қолданыстағы кәсіпорынның аумағындағы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде рәсімделетін жұмыс өндірісіне арналған тапсырма;

5) технологиялық регламент – техникалық басшы бекітетін, процесстің немесе оның жекелеген кезеңдерін (операцияларын) жүргізу технологиясын, өнім өндірісінің режимі мен технологиясын, жұмыстың қауіпсіз шарттарын айқындайтын құжат;

б) алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Газды дайындау мен қайта өңдеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Газды дайындау мен қайта өңдеу объектілерінде (әрі қарай – ГДК) төмендегі құжаттар әзірленеді және жұмыс орындарында сақталады:

- 1) пайдалану және техникалық құжаттама;
- 2) объектілердің құрылысына арналған жоба;
- 3) технологиялық регламенттер;

4) қауіп факторларын ескеретін және олардың болжамды зардаптарының ауырлықтарын барынша азайту үшін апаттардың алдын алу, апатты жағдайларды жою үшін қолданылатын персонал әрекетін, құралдар мен әдістерді регламенттейтін апаттарды жою жоспарлары (әрі қарай – АЖЖ) (жедел бөлімнен үзінділер).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ГДҚ объектілерінің жобалау құжаттамасының құрамында авариялық жағдайлар кезінде жұмыскерлердің және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, аталған жағдайларды жедел оқшаулауға және жоюға арналған ұйымдық-техникалық шешімдер негізделеді және айқындалады.

5. ГДҚ объектілерінің алаңдарында тұйық және жартылай тұйық аулалар құратын ғимараттар жобалауға жол берілмейді.

6. Фланецтік жалғамдарға арналған төсеме материалдар ретінде құйылатын орталарға төзімді және технологиялық процес өлшемдеріне сай келетін материалдар қолданылады.

7. Жабдықты объект басшысының жазбаша рұқсатынсыз ашуға тыйым салынады.

8. Жұмыс орындарында, байланыс құралдары жанында, дабылдарды беру тәртібін, өрт қауіпсіздігі күзеті, медицина қызметі, газ-құтқару қызметі және ГДҚ объектісінің диспетчерін шақыру тәртібі көрсетілген кестелер ілінеді.

9. Жұмыс аймағындағы ауаның газдануы табылған жағдайда тез арада жақын маңдағы қондырғылардың күтім жасаушы қызметкерлеріне ықтимал қауіптілік туралы ескертіледі, газданған учаскені қоршайды және бекітілген АЖЖ сәйкес іс-шаралар қабылдайды.

10. Өндірістік үй-жайлардың еденіне тазалауды қажет болған кезде, бірақ ауысымда кемінде бір рет, ылғалды, сулы немесе шаң бөлінуіне жол бермейтін өзге де әдістермен жүргізеді. Жеңіл тұтанатын сұйықтарды (бұдан әрі - ЖТС) едендерді жуу үшін қолдануға жол берілмейді.

Қолданылған жуу/тазарту материалын қақпақтары мығым жабылатын арнайы металл жәшіктерге салады, ауысым аяқталғанда өндірістік үй-жайлардан арнайы белгіленген орындарға әкетеді.

Материалдар мен жабдықтарды уақытша сақтау осы мақсатқа арналған арналған үй-жайлар немесе орындарда жүзеге асырылады.

11. Жарылыс қауіпті үй-жайлардағы әр есіктің сыртқы бетіне оның жарылыс қауіптілігі сипатын көрсетілген жазумен жабдықтайды.

ГДҚ объектілері жұмыскерлерді және тұрғындарды ықтимал қауіптілік туралы жедел хабарландыруды қамтамасыз ететін авариялық байланыс пен хабарландырудың қажетті техникалық құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Авариялық лақтырындыларды ертерек табуды қамтамасыз ету мақсатында ауа ортасын автоматтандырылған бақылау жүйесінің техникалық құралдарымен қамтамасыз етіледі.

ГДҚ объектілерінде жұмыс істейтін персонал зиянды заттардан қорғаныстың жеке және ұжымдық құралдарымен қамтамасыз етіледі.

12. ГДҚ қауіпті өндірістік объектілерінің аумағында және өндірістік үй-жайларда:

1) әр ауысым басталар алдында күтім көрсететін персонал желдету жүйелері әрекетіне сырттай қарау және ақаусыздығына тексеру;

2) бақылау өлшеу аспаптарының (бұдан әрі – БӨА), автоматика мен сақтандыру құрылғыларының жағдайына БӨА жұмыскері әр ауысымда кемінде бір рет қарау және тексеру жүргізеді.

13. Ғимараттарда және сыртқы қондырғылардың аумағында:

1) атмосфераға зиянды заттарды ықтимал шығару көздері;

2) жанғыш және құрамында күкіртсутегі бар сұйықтарды ықтимал төгу көздері бар кабельдерді үй-жайларда және сыртқы қондырғылар аумағында орналастыру үшін тереңдетілген каналдарды және тоннельдерді салуға жол берілмейді.

14. Тереңдетілген тоннельдерде және каналдарда құрамында күкіртсутегі бар өнеркәсіптік шайындыларды жинақтау және кәдеге жарату жүйелерінің құбыр желілерін қоса алғанда, технологиялық құбыр желілері бар бу және ыстық су құбыры желілерін бірге салуға жол берілмейді.

15. ГДҚ объектісінің алаңында, оның көлеміне қарамай, кемінде 90 градус бұрышты құрайтын, авария жағдайында персоналды және техниканы кедергісіз эвакуациялауды қамтамасыз ететін жолдар және кемінде екі негізгі кіру жолы көзделеді.

16. Магистральдық және өндірістік жолдардың, жолдар мен кірме жолдардың шетінде жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығына қарамастан барлық жағдайларда тротуарлар көзделеді.

17. ГДҚ объектілерінің аумағына қатты жабынды жүргіншілер жолдары салынады, олардың орналасуы мен сақталуы персоналдың кедергісіз қозғалуын, соның ішінде авариялық эвакуациялау кезінде қамтамасыз етеді.

Науаларды, траншеяларды, қазан шұңқырларды және қазылған жерлерді тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандырады, тақталармен жабады немесе биіктігі кемінде 1 метр шарбақпен қоршайды.

18. Жолдарды, өткелдерді, кіру орындарын, кіреберістерді, басқыш алаңдарын, ғимараттарға кіру және шығу орындарын, өртке қарсы жабдықтарға, өрт сөндіру, байланыс және дабыл құралдарына барар жолдарды қоқыстауға және ластауға жол берілмейді.

19. ГДҚ объектілерінің аумағында, құбырлар арқылы жүргіншілер өтпелерінде, науалар және траншеялар арқылы ені кемінде 1 метр, таяныштың биіктігі кемінде 1 метр көпірлер қойылады.

Жолдарды, көпірлерді, өткелдерді және жаяу жолдарды тазалықта және күтімде ұстайды, қажетті жол белгілерін орнатады, оның ішінде құбыр желілері эстакадалары астынан өту габариттерін қосқанда, және тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандырады.

ГДҚ жарылысөртқауіпті объектілерінің аумағы бойынша ұшқындарды сөндіргіші жоқ автотрактор техникасының жүруіне жол берілмейді.

20. Өндірістік алаңға негізгі кіру жолдарының және теміржолдардың бір деңгейде қиылысуына жол берілмейді.

Жүргіншілер жолдарының рельстік жолдармен қиылысатын орындарында рельстердің үстіңгі деңгейімен бірдей тұтас жабындылар төселеді және ескерту және тыйым салу белгілері қойылады.

21. Жолдардың жүргінші бөлігін жабумен байланысты жөндеу жұмыстары техникалық басшының рұқсатымен жүргізіледі.

22. Жөндеу-құрылыс жұмыстары жүргізілген ГДҚ объектісі аумағының учаскесін жоспарлайды және қоқыстан тазартады. Аталған учаскеде оны жоспарлау мен аумақты құрылыс қоқысынан тазалау аяқталғанға дейін қондырғыларды қосуға жол берілмейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. ГДҚ объектілерінің аумағында тұрақты және уақытша от жұмыстарына арналған орындардан басқа жерде ашық отты қолдануға жол берілмейді.

24. ГДҚ объектілерінің аумағында мұнай өнімдері және өзге де ЖТС төгілген жағдайда төгілуді жою және қауіпсіз кәдеге жарату жөніндегі шаралар қабылданады.

25. Құдықтардағы, науалардағы және қуыстардағы ысырмаларды және өзге де арматураларды оларды жоғарғы жағынан басқаруға арналған құрылғылармен жабдықтайды (ұзартылған штоктар немесе басқару штурвалдары, электропневможетектер) және жөндеу және профилактикалық жұмыстар үшін қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

26. Авариялық жағдайлар кезеңінде ГДҚ объектілерінде жұмыскерлердің және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған негізгі ұйымдық-техникалық шешімдердің әрбірі бойынша жобалау құжаттамасында жеке қорғаныс құралдарының (бұдан әрі – ЖҚҚ), қажетті аспаптардың, материалдардың және жабдықтардың, орындардың және оларды орналастыруға арналған үй-жайлардың нақты типтері мен саны негізделеді және айқындалады.

27. Ауадағы зиянды газдар, булар және шаң-тозаңдардың жол берілген санитарлық нормалардан аса шоғырлануы мүмкін орындардағы жұмыс кезінде жұмыскерлер тыныстау органдарының тиісті жеке қорғаныс құралдарымен (бұдан әрі – ТОЖҚҚ) қамтамасыз етіледі.

28. Әрбір қауіпті өндірістік объектіде 3-5 жинақ ТОЖҚҚ-ның авариялық қоры көзделеді.

Шлангілік авариялық газқағарлардың кемінде екі жинағы көзделеді.

Газқағарлардың авариялық қорын құлыптауға жол берілмейді.

Авариялық қордың пломбаларының тұтасталығын ауысымды қабылдау және өткізу кезінде күтім жасаушы персонал тексереді. Авариялық қордың болуын және жағдайын ұйымның газқұтқару қызметінің жауапты адамы ГДҚ объектісінің техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес айында кемінде бір рет тексереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Запорлы құрылғыны қолмен басқаруды дренирлеу кезінде жұмыстар ТОЖҚҚ-мен және жұмыс орнындағы газдануды тексергеннен кейін бақылаушының қатысуымен жүргізіледі.

30. Аппараттардың, ыдыстардың ішіндегі жұмыстар бастау ауа ортасын күкіртті сутектің және өзге де зиянды және жанатын булар мен газдардың болуына тексергеннен және оң нәтиже алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Аппараттардың ішіндегі жұмыстар төмендегілерді қолданып жүргізіледі:

- 1) ТОЖҚҚ;
- 2) қорғайтын белдіктер;
- 3) бақылаушы (әрбір жұмысшыға).

32. Сынама алу кезінде персонал ЖҚҚ, ТОЖҚҚ, газ анализаторларды қолданады.

33. Қондырғылардың жұмыскерлеріне қондырғыда қолданылатын күкіртсутекпен, диэтанолламинмен, диэтиленгликольмен, өзге де зиянды заттармен улану кезінде зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету талаптарына нұсқау беріледі және оқытылады және ТОЖҚҚ-мен қамтамасыз етеді.

34. Қондырғының өндірістік үй-жайларындағы желдеткіш жұмысы істен шыққанда жұмыскерлер ТОЖҚҚ қолданады, есіктер мен терезелерді ашады, және желдеткіш жүйесін жөндеу жөнінде шаралар қабылдау үшін ауысымдағы жауапты тұлғаға хабарлайды.

35. Жылу беру жүйелерін және вентиляциялық қондырғыларын ақаусыз күйде ұстайды және жоспарлы-алдын алу жөндеу (бұдан әрі – ЖАЖ) кестесіне сәйкес қарау және жөндеу жүргізіледі.

36. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Технологиялық өнімді, газды, буды, суды, электр энергиясын, ауаны беруді тоқтату, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғаныс жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі, басқа объектілерде қауіпті жағдай пайда болғанда персонал АЖЖ көзделген әрекеттер мен шараларды орындайды. Қауіпті жағдайда, жұмыс басшысының нұсқауымен АЖЖ

бойынша хабарлау мен нысанды апатты тоқтату жүргізіледі. Жұмыстарды қайта бастау технологиялық регламентке сәйкес, ақауларды жөндеп, мұнайды және газды дайындау қондырғысының (бұдан әрі - МГДҚ) техникалық жағдайын тексерген соң жүргізіледі.

Апат немесе апаттық жағдай кезінде АЖЖ бойынша әрекеттер жасауға қатыспайтын персонал қауіпті аймақтан шығарылып, қорғаныс құралдары мен ұшқын сөндіргіші бар жағдайда, жұмысшыларға және көліктерге жұмыс басшысының нұсқауымен режимдік рұқсатнама қойылады.

38. Апатқа қарсы және өртке қарсы жүйенің, өрт сөндіру қондырғыларының және жарылыс қауіпті концентрацияны анықтау жүйесінің ақаулығы кезінде олардың жұмыс қабілеттілігін дереу қалпына келтіру шаралары қабылданады, ал бұл жүйелерді жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қондырғының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін АЖЖ шаралары орындалады. Қауіпсіздік шарттары кәсіби апаттық-құтқару қызметтерімен (әрі қарай – АҚК) келісіледі. Технологиялық регламент өндірістің технологиялық процессіне қатысатын МГДҚ, көмекші құрылғылар мен ғимараттарға жасакталады.

Ұйымның техникалық жетекшісі әрбір нақты жағдайда технологиялық регламентті әзірлеуге қатысатын өндірістік және техникалық қызметтер, ұйымдарды анықтайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Әрбір технологиялық регламенттің титуль бетінде және Технологиялық регламенттің барлық құжаттамасы бойынша колонтитулында көрсетіле отырып, нөмірі, индекс немесе ұйымда қабылданған тәртіптегі белгілері беріледі.

40. Технологиялық регламенттің титулдық бетінде:

- 1) ұйымның атауы;
- 2) қондырғының атауы;
- 4) нысанның атауы;
- 5) әзірлеушілер (ұйым, лауазым, Т.А.Ә.А.);
- 6) құжат индексі көрсетіледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. технологиялық регламент мына бөлімдерден тұрады:

- 1) өндірістік нысанның жалпы сипаттамасы.
- 2) өндірістік нысанның технологиялық процессі мен технологиялық сызбасының сипаттамасы.
- 3) технологиялық режим нормасы
- 4) технологиялық процессті бақылау
- 5) өндірістік объектіні қалыпты жағдай мен қауіпті жағдайда қосу мен тоқтатудың қауіпсіздігінің негізгі жағдайлары.

6) технологиялық қондырғының, реттеуші және сақтаушы қалпақтардың және басқа да қауіпсіздік құрылғыларының қысқаша сипаттамасы.

7) нормативтік-техникалық құжаттаманың тізімі.

8) өнім өндірісінің технологиялық сызбасы (графикалық бөлім).

9) қондырғының техникалық құрылғыларының орналасуының жағдайлық жоспары;

10) өзгерістер енгізу.

42. Технологиялық регламенттің әрекет ету мерзімі пайдаланушы ұйымның шешімімен бекітіледі.

43. Технологиялық регламент мына жағдайларда қайта қаралады немесе толықтырылады:

1) өндірістік және технологиялық шарттар өзгерген кезде;

2) регламент қосымша жоба шешімдеріне немесе қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген кезде;

3) пайдалану процессінде қауіпсіздік шарттарының сәйкессіздігі анықталған кезде;

4) өнімнің қанағаттанарлықсыз сапасы кезінде.

44. Қызмет көрсететін персоналдар орналасатын операторлық бөлмеде қызмет көрсетілетін жабдықтардың технологиялық сызбасы ілінеді. Жауапты тұлға технологиялық сызбаны жыл сайын оның іс жүзіндегі жағдайына сәйкестілігін тексереді және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда ГДӨН техникалық басшысы қайта бекітеді.

45. Қондырғыға орнатылған барлық жабдықтарға, аппаратураға және негізгі тиекті құрылғыларға технологиялық сызбаға сәйкес технологиялық нөмірлер қойылады.

46. Жылу беру жүйелерінің және жылыту аспаптарының конструкциясы, күтім жасаудың мерзімділігі және түрлері жүйелерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді. Жанғыш және зиянды заттарды жайларды жылыту үшін отын ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

47. Вентиляциялық құрылғылардың нәтижелілігі бекітілген кестеге сәйкес аспапты тексерумен қамтамасыз етіледі.

48. Вентиляциялық камерада вентиляциялық құрылғылардың сызбасын, ал камераның есігінде – вентиляциялық құрылғыларды қалыпты пайдалануды қамтамасыз ететін жауапты тұлғаның мәліметтері көрсетілген тақта ілінеді.

Технологиялық құрылғыларды, жабдықтарды, өндірістік жайларды жөндеудің дефектілі тізімдемесінде вентиляциялық қондырғыларды жөндеу және жарамдылығын тексеру ісі қарастырылады. Вентиляциялық жүйе ақаулы кезде, технологиялық қондырғыны немесе объектіні жөндеуден кейін қабылдауға рұқсат етілмейді.

Вентиляциялық камералардың жайларын қойма үшін пайдалануға және бөтен заттарды үйіп тастауға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Барлық ғимараттар тұрақты құю-сору вентиляция жүйесімен қамтамасыз етіледі. Автоматты іске қосылатын вентиляторлардың жанында "Сақ болыңыз! Автоматты іске қосылады" плакаты ілінеді.

Ауа ортасының жағдайы туралы мәліметтер басқару пультіне беріледі.

Шекті рұқсат етілген концентрация (бұдан әрі – ШРК) тетігі жоқ өндірістік ғимараттарда апатты вентиляцияның автоматты қосылуы жарылыс қауіптілігіне дейінгі концентрацияға (бұдан әрі - ЖДК) газ талдауыш ескерту дабылы берілгенде жүзеге асырылады.

50. ГДӨ қауіпті өндірістік объектілерін мына жерлерде орналастыруға болмайды:

1) табиғи желденуі нашар аумақтың рельефінің төменгі және басқа учаскелерінде;

2) жылдамдығы секундына 1 метрге дейін басым желдері бар аудандарда;

3) ұзақ немесе жиі қайталанатын тымықтар, инверсия, тұмандары бар аумақтарда (жылына 30 – 40 пайыздан астам, қыс бойына күндердің 50 – 60 пайыздан астам).

51. Атмосфераға зиянды және жанғыш заттарды шығаратын, өндірістік процесстермен үй-жайлар және ғимараттар осы заттардың авариялық шығару көздерін қосқанда, өндірістік процестер жүргізілетін ғимараттар және үй-жайлар "жел өрнегінің " басым бағытындағы желдердің шоғырлануы ескерілумен басқа ғимараттардан және үй-жайлардан басым жағдайларда ық жерде орналастырылады.

52. Атмосфералық ауаны ластайтын көздері және зиянды заттарды апатты шығару көздері бар өндірістік жайларды қосалқы, қойма және санитарлық-тұрмыстық жайлармен біріктіруге рұқсат етілмейді.

53. Екі немесе одан көп эвакуациялық шығулары бар жағдайда атмосфераға зиянды заттарды ықтимал тастау көздері жоқ, жайдың ең алыс нүктесінен эвакуациялық шығуға дейінгі аралық 25 метрден аспайтын жағдайда, адамдар тұрақты орналаспайтын, аталған жайларға қызмет көрсету үшін инженерлік жабдықтар орналастырылған жайларда аталған шығулардың бірін орналастыруға рұқсат етіледі.

54. Адамдарды эвакуациялау жолдарын зиянды заттарды шығару көздері бар ғимараттар (жайлар) және сыртқы қондырғылардың аумағы арқылы қарастыруға рұқсат етілмейді.

55. Атмосфераға зиянды заттарды болжамды бөлу көздері жоқ ғимараттар, үй-жайлар мен сыртқы қондырғылар үшін бір эвакуациялық шығыс қарастыруға рұқсат етіледі.

56. Тез жанатын және газ тәрізді зиянды заттардың және реагенттердің үлгілерін алу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде жүргізіледі.

57. Ыстық аппараттардың, жабдықтардың және құбыр желілерінің оқшаулауын жарамды күйде ұстайды. Сыртқы бетіндегі температурасын 45 Цельсий градустан аспайтын, ал ашық алаңшаларда – 60 Цельсий градустан аспайтын күйде ұстайды.

58. Статикалық электрден қорғану үшін теміржол цистерналарына құюға арналған металды ұшты резіңке шлангаларының қалыңдығы кемінде 2 миллиметр мыс сыммен немесе шлангіге кемінде 100 миллиметр аралықпен шырмалған қалыңдығы кемінде 4 миллиметр мыс троспен жерге қосады. Сымның немесе тросың ұшын құбыр желісінің бөліктеріне және ұшына балқытып немесе болтпен қатайтып жабыстырады.

Шлангілердің ұштарын, мұнай өнімдерін құюға және ағызуға арналған тез шешілетін құрылғыларды ұшқын бермейтін жабынмен көмкерілген материалдардан немесе болаттан жасайды.

59. Теміржол цистерналарына құю бағаналарын жерсіндіреді.

Жерсіндіру құрылғыларын және найзағайдан қорғау құралдарын ГДӨН техникалық басшысымен бекіткен кестеге сәйкес акт құрастырумен тексереді, және журналға жазады.

60. Жабдықты жөндеу жұмыстарының ППР және күрделі жөндеу кестелеріне сәйкес орындалады.

Жарылыс қауіпті ғимараттардағы қондырғылардың жөндеу жұмыстарын дайындау мен жүргізуді жұмыс жасап тұрған ауа тартқыш вентиляция кезінде жүзеге асырады.

Жөнделетін жабдықтың тетіктері керосинмен жуылады. Аса жеңіл сұйықтықтар мен еріткіштер өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қосымша шаралары қамтамасыз етілгенде, паспорттағы нұсқауға немесе дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес қолданылады.

61. Жөндеу жұмыстары қорғаныс каскаларымен жүргізіледі.

62. ГДӨН қондырғылар мен құбырлардың қатып қалуы мүмкін жерлеріне бумен қамтамасыз етіледі.

63. Бу құбырлары жылу шығармайды; төгу құрылғылары, дренаждар – жылытылады.

64. Дренажы қатып қалған аппараттар, құбырлар пайдаланылмайды.

65. Қатып қалған учаскелер бумен немесе ыстық сумен жібітіледі.

66. Жібітілген учаске жұмыс істейтін жүйеден ажыратылады. Дренаждар мен ауа өткізгіштер жабылады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Өндіріс алаңдары, жолдар, сатылар, өтетін жерлер қардан және мұздан тазартылады және құм төгіледі.

68. Техникалық су тұтыну үшін АЖЖ көзделген жағдайлардан басқа шаруашылық-ауыз су жүйесін пайдалануға рұқсат етілмейді.

69. Техникалық судың су тарату нүктелеріне "Ішуге жарамсыз" жазуларын іліп қояды.

70. Жарамсыз немесе дұрыс қойылмаған гидравликалық ысырмалары бар кәріз суларын пайдалануға рұқсат етілмейді. Ысырманы қалыптастыратын әрбір гидроысырмада 0,25 метр су қабатының деңгейін ұстайды.

71. ГДӨН аумағындағы және одан тыс өндірістік (басқа да мақсаттағы) кәріздердің құдықтарын ұдайы жабық ұстайды. Құдықтардың қақпақтарын кемінде 10 сантиметр болат немесе темір бетонды сақинадағы қабатты құммен жабады.

Жұмыстар жүргізілетін құдықтардың айналасын қоршайды, жанында "Жұмыстар жүргізілуде" плакаттары ілінеді.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Шайынды суларды тазартудың қажетті деңгейін қамтамасыз етпейтін ақаулы немесе ластанған тазарту қондырғыларын қалпына келтірмейінше, өнеркәсіптік кәріздерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

Өнеркәсіптік кәріздерді қақпандарына және тұндырғыш тоғандарына биіктігі кемінде 1 метр жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қойылады.

Кәріз жолында жапқыш қарастырылады.

73. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика (әрі қарай – БӨАЖА) БӨАЖА басқару қалқандарында орналастырыған аспаптарға айқындалатын және наряд-рұқсат етілген параметрлер көрсетілген жазбалармен жабдықталады.

Ескерту лампалары және арнайы дабыл аспаптары дабылдың түрін көрсететін жазбалармен жабдықталады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. БӨАЖА кестеге сәйкес белгіленген тәртіппен міндетті метрологиялық тексеруден және калибрлеуден өткізіледі.

75. БӨАЖА құралдарын жөндеуге, күйіне келтіруге немесе тексеруге алғанда, алынған құралдардың орнына барлық параметрлері сай келетін құралдарды қояды.

76. Жарамсыз БӨАЖА, тексеру уақыты аяқталған аспаптарды қолдануға рұқсат етілмейді.

77. Манометрді оның мәндері күтім жасаушы қызметкерлерге айқын көрінетіндей етіп орнатады, бұл ретте оның шкаласы тікелей немесе 30 Цельсий градусқа алға еңкейтіліп орнатылады, өлшеу шегі шкаланың үштен екінші бөлігінде болады. Манометрдің циферблатына ыдыстағы ең жоғарғы рұқсат етілген қысым деңгейіне сәйкес бөлігіне қызыл белгіні немесе корпусына қызыл сызықты салады.

Манометрлерді қызмет көрсету алаңының еденінен 3 метрден асатын биікте орнатуға рұқсат етілмейді.

78. БӨАЖА, блоктаушы және дабыл беруші құрылғылардың тексерілуі ұйымның техникалық басшысы бекіткен, журналда тіркелген кестелерге сәйкес жүргізіледі.

79. БӨАЖА ауа желісін және техникалық ауа желісін біріктіруге, ауаны басқа мақсаттарға пайдалану үшін БӨАЖА ауа желісіне қиым салуға рұқсат етілмейді.

80. ГДӨН найзағайдан қорғану құрылғыларын ғимараттарды және үй-жайларды найзағайдан қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарға сәйкес орындалады.

81. Өндірістік алаңдарда технологиялық құбыр желілерін жер астында салуға рұқсат етілмейді, кіру және шығу манифольдасынан қоршауға дейінгі учаскелерден басқа.

Технологиялық құбыр желілерін ғимараттардың және үй-жайлардың астында орналастыруға рұқсат етілмейді.

82. Жерүсті технологиялық құбыр желілерін алаңдардың жоспарлаушы белгілерінен төмен белгілердегі ашық науаларда және траншеяларда, жартылай тереңдетілген түрдегі каналдарда және тоннельдерде орналастыруға рұқсат етілмейді.

83. Технологиялық құбыр желілерінің теміржолға кіре беріс жолдармен қиылысуына жол берімейді, өнім желілерінің екіжақты құю/ағызу теміржол эстакадаларынан басқа.

84. Технологиялық жабдықтары және құбыр желілері көбіне қосынды элементтері барынша азайтылған тұтас дәнекерленген конструкция түрінде жобаланады.

Коррозиялық-агрессивтік заттармен контакті жағдайында пайдалануға арналған технологиялық жабдықтарға және құбыр желілеріне олардың жобалық параметрлерде қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін растайтын өндірушінің техникалық құжаттамасы қоса беріледі.

Коррозиялық-агрессивтік заттармен контакті жағдайында пайдалануға арналған технологиялық жабдықтардың және құбыр желілерінің қабырғаларының қалыңдығының есептік мәндерін өндіруге минустық рұқсатын ескерумен қабылданатын материалдың ағуының 0,4 нормативтік шегінен аспайтын жұмыс кернеуіне шектеу қойылу талабымен қабылданады.

85. Жұмыстардың орнында дәнекерлеу жүргізілетін жабдықтардың және құбыр желілерінің дәнекерлеу қосындыларына қалдық кернеулерін жою үшін термикалық немесе басқа өңдеу жасайды.

86. Коррозиялық-агрессивтік заттармен контакті жағдайында пайдалануға арналған технологиялық жабдықтарды және құбыр желілерін коррозияның және коррозиялық шытынауды бақылауға арналған аспаптармен және құрылғылармен жабдықтайды.

87. Технологиялық жабдықтарды және құбыр желілерінде коррозия ингибиторларын енгізудің жүйелерінің бар болуы қамтамасыз етіледі.

Технологиялық жабдықтарды және құбырларды құру кезінде коррозиялық-агрессивтік технологиялық орталардың тұйық және іркілу аймақтарының, әр текті металдардың және қорытпалардың өзара контактісінің болмауын қамтамасыз ететін техникалық шешімдер қабылданады

88. Газ бен будың ауамен қосылып жарылыс қауіпті қоспа құру мүмкіндігі бар жерлердегі жұмыс кезінде соққанда ұшқын бермейтін металдан жасалған құрал қолданылады.

89. Аппараттарды, жабдықтарды және құбырларды айыру кезінде қақпашаларды қондыру, газқауіпті жұмыстарды жасауға наряд-рұқсат бойынша, қақпашаларды қондыру сызбасы бойынша жүргізіледі.

90. Аппарат немесе құбыр бітегішті орнатар алдында газ немесе өнімнен босатылады, пармен немесе инертті газбен үрленеді, жылжытпалармен ажыратылады және 30 Цельсий градустан (немесе қоршаған орта температурасына дейін) аспайтын температураға дейін суытылады.

91. Бітегіш ұшында партия нөмірі, болат маркасы, Р у шартты қысым және Д у шартты диаметр көрсетіледі.

"Шип-паз" түріндегі дөңбек біріктіргіште орнатылатын ұшы жоқ бітегіште партия нөмірі, болат маркасы, Р у шартты қысым мен р Д шартты диаметр бітегіштің дөңбек бетінде көрсетіледі.

92. Бітегіш қалыңдығы ең көп мүмкін болатын, бірақ 3 миллиметрден кем емес қысым есебімен анықталады.

Мүмкін болатын газ немесе өнім түсу жағындағы бітегіштер төсемге қойылады.

93. Көрсеткіштерге сәйкес келмейтін бітегіштер қолданылмайды.

94. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін барлық уақытша бітегіштер алынады.

95. Колонналарды жөндеу кезінде тарелкаларды бөлшектеу төменнен жоғары қарай жүргізіледі. Тарелкалар тетігі клоннадан тыс жиналады.

Колонна ішінде бірнеше орындарда (биіктігі бойынша) жұмыс істегенде жұмыс істеп жатқан бригадалар арасында төменде жұмыс істеп жатқандарға биіктіктен тетіктің немесе құралдың түсуінен сақтау үшін шығарылмаған бір тарелка қалдырылады. Бұл ретте колоннаның барлық люктері ашылады.

96. Жылу алмастырғышты немесе конденсаторды механикалық тәсілмен тазалау кезінде қарама-қарсы жақтан "Қауіпті аймақ" деген ескерту плакат ілінеді.

97. Жылу алмастырғышты, тоңазытқышты гидравликалық немесе химиялық тәсілмен тазалау қорғаныс құралдарын қолданумен іске асырылады.

98. Жөнделуі тиіс жабдық 30 Цельсий градуға дейін суытылады.

Егер жабдық теріс температурада жұмыс істесе, ол жылытылады.

99. Әрбір өндіріс бойынша газға қауіпті жұмыстардың тізімі дайындалады және ГДӨН техникалық басшысымен бекітіледі.

Газға қауіпті жұмыстарды жүргізу орындарында қауіпті аймаққа бөгде адамдардың келуін болдырмау мақсатында күзет орындары және қауіпсіздіктің ескерту және тыйым салу белгілері орнатылады.

Газға қауіпті жұмыстарды екі қызметкерден кем емес құрамдағы бригада орындайды. Бригада мүшелері жеке қорғаныс құралдарымен, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, құралдармен және көмекші материалдармен қамтамасыз етіледі.

100. Отпен істелетін жұмыстарға ашық отты қолданумен, ұшқын шашатын және материалдар, өнімдер жалындап жанатын температураға дейін қыздырумен (электр дәнекерлеу, электргазбен дәнекерлеу, бензинмен кесу, дәнекерлеу жұмыстары, металды ұшқын шығарып механикалық өңдеу және тағы басқа) байланысты өндірістік операциялар жатады.

Өндірістік үй-жайлардағы және сыртқы құрылғылардағы отпен жүргізілетін уақытша жұмыстарға объект басшысының жазбаша рұқсаты ресімделгеннен кейін ғана жол беріледі.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Аппараттар ішінде отпен жүргізілетін жұмыстар жүргізу кезінде отпен жүргізілетін жұмыстарға және газға қауіпті жұмыстарды жүргізуге Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 344 бұйрығымен бекітілген Қауіпі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізу кезінде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және оларды қолдану қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21151 тіркелген) көрсетілген формасына сай наряд-рұқсат ресімделеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Дәнекерлеушілердің ыдыстар мен аппараттар ішіндегі жұмысы сырттан ыдыс ішінде жұмыс істейтіндердің жеке қорғаныс құралдары бар ауысым құрамымен (әрбір дәнекерлеушіге бір-бірден) қайталанады.

Жабық кеңістіктегі дәнекерлеу жұмыстары шлангілік газтұтқышпен (противогаз) жүргізіледі.

Газбен дәнекерлеуші және электрмен дәнекерлеушінің аппарат, ыдыс, қойма, құдық ішінде біруақытта жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді.

103. Дәнекерлеу агрегаттарын қосуды электротехникалық қызметкер іске асырады.

Биіктікте жұмыс жасайтын дәнекерлеушілер, қорғану белдіктермен және электрод пен тұқылдарға арналған сөмкесімен жабдықтанады.

Ылғалды орындардағы (ыдыстардағы, аппараттардағы және басқа техникалық құрылғылардағы) жұмыстарды электр тогының ұруынан қорғау үшін электр

дәнекерлеушілер резина төсемдер, диэлектрикалық қолғаптар және галоштар болғанда жүргізіледі.

104. Сұйытылған газ бен сутек бар баллондар мынадай қашықтықта орнатылады: отпен жүргізілетін жұмыс орнынан, ашық от көзінен және қатты қызған заттардан кемінде 10 метр;

бір бірінен кемінде 5 метр.

Сұйытылған газ бен сутек бар баллондар сенімді орнатылады және бүлінуден, күн сәулесінің әсерінен, жылу көздерінен қорғалады

105. Күтім жүргізілетін жабдықтар (аппараттар, аспаптар, люктар, ысырмалар және басқалар) жер бетінен 1,8 метр биікте орналасқан жағдайда, қол жетімділігі үшін стационарлы баспалдақтарды және қоршаулы алаңдарды орнатады.

Күтім сирек жасалынатын 3 метрден астам биіктегі жабдықтарға қолжетімділік үшін 60 градусқа еңкейіңкі баспалдақ орнатуға рұқсат беріледі.

106. Биіктегі жұмыстарды орындау үшін жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін инвентарлық ағаштарды және құрал-саймандарды қолданады.

Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде құбыр желілеріне бекітілген қосынды баспалдақтарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

107. Газды өңдеу өндірісінің аумағында жер жұмыстары осы жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсат және орындалатын аймақта жерасты коммуникациялардың орналасу жоспары бар жағдайда жүргізіледі.

Адамдар жүретін немесе автокөліктер өтетін жерлерде траншеяларды қазу кезінде қоршаулар қойылады. Қоршауларға ескерту белгілерін немесе жазбаларын, ал қараңғы уақытта – ескерту жарықтандыруын орнатады.

108. БӨАЖА қыс кезінде үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін суық түскенге дейін:

1) импульстық желілер, бөлгіш ыдыстар мен аспаптардың жылу өткізбеу жарамдылығын тексереді;

2) нығыз жабылатынына алдын ала көз жеткізіп, оларды тоңбайтын сұйықтықпен толтырады;

3) аспаптарды жылыту жүйесінің жарамдылығын және сенімділігін тексереді.

109. Соққылармен, тартпамен, қысымда болатын аппараттар мен сорғыштарда, трубақұбырларда болттар мен шпилькаларды бекітумен байланысты, жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

1-Параграф. Газды дайындау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

110. Құрылғыларды іске қосу алдында жабдықтардың, құбыр желілерінің, арматураның, металл конструкциялардың, жерсіндіру құрылғыларының, БӨАЖА, блоктаушылардың, вентиляцияның, кәріздің, ЖҚҚ және өрт сөндіру құралдарының

жарамдылығын тексереді. Жүйелерден ауаны инертті газбен немесе көмірсутекті газбен шам қоюмен ығыстырады. Тазартудың аяқталуын шығатын газдың құрамын талдаумен айқындайды – оттегі құрамы 1 пайыздан аспауы тиіс.

Құрылғыларды іске қосу бекітілген технологиялық регламентке сәйкес және жауапты тұлғаның басшылық етуімен мамандардың толыққанды бригадасы мен жарылыстан қорғалған байланыс құралдары бар жағдайда жүргізіледі.

111. Технологиялық параметрлердің өзгеру жылдамдығы өндіруші зауыттың жабдықтарды пайдалану нұсқаулығына сәйкес ГДӨН техникалық басшысы бекіткен қондырғыларды іске қосу, пайдалану, тоқтату туралы нұсқамасы бойынша белгіленеді.

112. Операторлық бөлмедегі қақпада орналасқан БӨАЖА көрсеткіштерін тікелей аппараттарда орнатылған қосымша аспаптар арқылы мерзімді түрде тексереді.

113. Аппараттарды, ыдыстар мен компрессорларды және сорғыларды өндірушінің төлқұжатында және пайдалану нұсқамасында көрсетілген автоматизация, бақылау және блоктау жүйелерінің жоқ болуы немесе жарамсыз болуы жағдайында пайдалануға рұқсат етілмейді.

114. Резервтік ыстық сорғыларды алдын ала қыздырусыз іске қосуға және салқындату жүйесі жарамсыз істен шыққан жағдайда пайдалануға рұқсат етілмейді.

Конденсаторлардан және тоңазытқыштардан шығатын суды оның құрамында салқындатылатын өнімнің бар болуы тексеріледі. Құрамында өнім бар болған жағдайда аппаратты ажыратады.

115. Көмірсутекті газдың, сығымдалған газдың және көмірсутекті конденсаттың сынамасын алу аппараттағы өнімнің ең жоғарғы қысымы есептелген сынама алу көмегімен жүргізеді. Вентильдері жарамсыз және тексеру мерзімі аяқталған сынама алатын аспаптарды қолдануға рұқсат етілмейді. Вентильдердің герметикалығын тексеру ГДӨН техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

116. Қондырғыны пайдалану процессінде технологиялық циклдің параметрлеріне бақылау жүргізілуі тиіс.

117. Ішін қарау мен тазарту үшін ашылуға жататын аппараттар мен қондырғылар тоқтатылады, өнімнен тазартылады, айырылады және жұмыс жасап тұрған аппараттан бітегішпен тұйықталады және буланады немесе инертті газбен үрленеді немесе желдетіледі.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

119. Сепараторлар, аппараттар, ыдыстар, құбыр жолдарын және қондырғыларды үрлеу кезінде мұнай өнімдерінің газ және булары газ жинақтау желісіне және факелді

жүйеге шығарылады. Сұйық фаза ыдыстарға, резервуарға және дренажды жүйеге шығарылады. Көрсетілген жұмыстар газдану, ШРК және шекті рұқсат етілген жарылыс концентрациясы тұрақты бақылау кезінде орындалады.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Сепараторлар, жасаушының техникалық құжаттарына сәйкес дистанционды басқару мен бақылау жүйесімен апатқа қарсы және өртке қарсы қорғаныс, сақтандыру қақпақшасымен, деңгейді көрсеткішпен және мұнайды автоматты құю қондырғысымен жасақталады.

Сепараторларды тазарту және үргілеу кезінде үрлеу жүйесінде жабу құрылғылары біртіндеп және ақырын ашылады.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. Қондырғылар, аппараттар, құбыр жолдары, сыйымдылықтардың окшаулау және қорғаныс жабулары жобаға, дайындаушының техникалық құжаттарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Зақымдану анықталған кезде жұмыс жетекшісімен оны қалпына келтіру жөніндегі шаралар қабылданады.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Газданудың қауіпті аумағының шекарасы газометрикалық бақылау құралдарымен анықталады және қауіпсіздік белгілерімен және "Кіруге болмайды", "Газ қауіпті" ескерту белгілерімен белгіленеді.

123. Аппараттар, ыдыстар, қыздыру құрылғыларындағы технологиялық орта деңгейін визуальды бақылауға арналған құралдар сыртқы әсер етулер мен бұзулардан қорғайтын термо төзімді шыныдан дайындалады.

124. Жылу алмасуларды іске қосу технологиялық ортаның температурасын біртіндеп арттыра отырып жүргізіледі.

125. Мұнай өнімдерін мұздатқыштар конденсаторларынан шығатын суда ұстауға тыйым салынады, ал ол анықталған жағдайда аппарат ажыратылады.

126. МДҚ жұмысын ұзақ уақытқа немесе консервациялауға тоқтату кезінде аппараттар мен құбыр жолдары тот басудан, суық уақытта мұздан еріту кезінде және оларда жарылыс өрт қауіпті қоспалардың пайда болуынан қорғау жөніндегі акт жасала отырып шаралар қабылданады.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Құбыр деэмульсациясы үшін деэмульгатор беретін сораптағы қысым құбыржол жүйесіндегі қысымнан жоғары қысым.

Деэмульгатор беретін жүйеде мұнайы бар құбыржолға жалғанатын жерде бөгеуілді құрылғы қондырылады.

128. Деэмульсация процесінде бөлінген суды жинақтау үшін тазарту қондырғысы немесе ағынды суды пайдаға асыру үшін жабдықтар қарастырылады.

Кәріз жүйесі бөлінген суды қауіпсіз әкетуді қамтамасыз етеді

129. Әрбір электродегидратордың алаңында, электркернеуінің қауіпі туралы " Жоғары кернеу – өмірге қауіпті" деген ескерту жазбалар және белгілер орнатылады.

Трансформаторлар және реактивті катушкалар орналасатын жоғарғы алаңшада торлы немесе керегелі қоршау қойылады.

Электродегидратор жұмыс істеп тұрған уақытта оған көтерілетін баспалдақта " Кірме – өлтіреді" деген ескертпе жазу ілінеді.

Электродегидратор жұмыс істеп тұрған уақытта қоршаудың ішіне кіруге тыйым салынады.

Электродегидратор алаңшасының қоршауына қоршаудың есігін ашатын кезде кернеуді азайтатын блоктау қойылады.

130. Электродегидраторды аппараттағы өнімнің деңгейі азайған жағдайда кернеуді ажырататын құрылғымен жабдықтайды. Электродегидратордың барлық блоктауларын тексеру өндірушінің техникалық құжаттамасымен сәйкес жүргізеді.

Электродегидраторларды мұнаймен толтыру, өндірушінің техникалық құжаттамасы мен технологиялық регламент бойынша жүргізіледі. Электркернеуді беру алдында, өртқауіпсіздігі ережелерін сақтаумен газды және мұнай буларын шығарып тастайды.

131. Қондырғыға кернеуді электротехникалық қызметкерлер электродегидратор қосылуға дайын туралы журналдағы жазбамен танысқаннан кейін береді.

Қондырғының электрлік бөлігіне, кернеуі 1000 Вольт болатын электр қондырғыларына арналған электрлі техникалық жұмыстарға рұқсатнамасы бар персоналдар қызмет көрсетеді.

132. Электродегидраторда апаттық жағдайда кернеу бірден ажыратылады және АҚҚ, объект басшысы хабарландырады.

Электродегидраторлардан және тұндырушылардан суды дренаждау автоматтандырылады және герметикалық жүйеге жүргізеді.

133. Әрбір электрлі дегидратордың қаңқасында, баспалдақтың жанында, электрлі дегидраторды басқару бекетінің қалқанындағы (алдыңғы және артқы жағынан қарағанда) нөміріне сәйкес келетін, оның нөмірі белгіленеді.

134. Электрлі дегидратордың барлық бөлектегіш құрылғыларын кесте бойынша жылына бір тексеріп тұрады.

135. Электрлі дегидраторда өрт шыққан жағдайда, кернеу дереу өшіріледі.

136. Отпен қыздырылатын жабдықтарға қыздырылатын элементтерде, отын жану бөлігінде және пештің жұмыс аймағында жарылыс қауіпті қоспалардың пайда болуына жол бермейтін техникалық құралдар қойылады.

137. Қыздыру пештерін төмендегілер жоқ немесе жарамсыз болса пайдалануға рұқсат етілмейді:

1) отынның, ауаның және су буының белгіленген аралық үлесін реттеу жүйелері;

2) газ тәрізді отынды және ауаны, шикізатты олардың қысымы белгіленген параметрлерден азайған, БӨАЖА электро – пневмо қуат тоқтаған жағдайда берілуін тоқтататын блоктау;

3) отынның және ауаның отын жану бөлігіне мәжбүрлеп салу кезінде келіп түсуінің тоқтауы туралы хабарлау құралдары;

4) түтін сорғыш тоқтағанда немесе пештегі кернеу шамадан артық төмендегенде тарту күшінің деңгейін және газ отынының жану аймағына берілуін автоматты тоқтатуды бақылау құралдары, пеш агрегаттарын қазандықтармен-кәдеге жаратушылармен біріктірген жағдайда агрегаттарды түтін сорғыштарсыз жұмыс істеу режиміне ауыстыру жүйелері;

5) су буын отын жану бөлігіне және құбырлар бітелгенде ирек түтікке беру құралдары;

6) құбырларда ақау пайда болғанда немесе айналымы тоқтағанда пештің ирек түтіктерін қыздырылатын сұйық өнімнен босату жүйелері;

7) жылан түтік жүйесінде апаттар орын алғанда шикізаттың және отынның берілуін қашықтықтан ажырату құралдары.

138. От процесі ашық пештерге автоматты және (немесе) қашықтықтан қосылатын бу шымылдығы жүйесі орнатылады. Шымылдық қосылған кезде дабылдың іске қосылуы қамтамасыз етіледі.

139. Пеш жұмыс істеп тұрған уақытта жылан түтіктің, құбыр аспаларының және пештің мерзімді көзбен шолып тексерілуі қамтамасыз етіледі.

140. Құбырларда, қалыбында немесе аспаларында ақаулар және басқа да көзге көрінетін ақаулар пайда болғанда, пешті пайдалануға рұқсат етілмейді.

141. Құбырлар бітелгенде апаттық тоқтату режиміне сәйкес пештің жұмысын тоқтатады.

142. Пештің жылан түтігін үрлеп тазартуға арналған бу құбыр желісінде немесе инертті газдың құбыры желісінде тоқтап қалулар немесе апаттар орын алғанда, кері клапандар немесе екі тиекті ысырма қойылады. Ысырмалардың аралығында ысырмалардың герметикалығын және конденсаттың сыртқа шығуын бақылау үшін сынақтық (үріп тазартатын) кран қойылады.

143. Пештің жану камерасындағы өрт сөндіру жүйелерінің құбыр желілерінің вентильдерін және сыңарларының қораптарын оларға жақындау үшін және өрт қауіпсіздігі тұрғысында қауіпсіз жерде, пештен кемінде 10 метр алшақта қойылады.

144. Жұмыс істемейтін бүркігіштерге газды беретін құбыр желілерін бітеп қояды.

145. Панельдік шілтерлерде от қоюды коллекторлардағы газдың технологиялық регламентпен көзделген нормаларға сай болған кезде жүргізеді.

Панельдік шілтерлердің блогында от қоюды кемінде екі жұмысшы жүргізеді.

146. Пештің жұмысы кезінде шілтерлердің тарату камералараның сыртқы қабырғаларының температурасын қадағалайды, температура шектен асқан жағдайда (60 Цельсий градустан асқанда) шілтерді ажыратады.

"Тарсыл" пайда болғанда шілтерді ажыратып, соплоны тазартады.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. Компрессорға және сорғыға тек қана зауыттық төлқұжат-сертификаттары бар физика-химиялық қасиеттері көрсетілген майлар жағылады.

148. Компрессорлық және сораптық қондырғыны тоқтату, тексеру мен қарау дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

149. Улы сұйықтарды айдауға арналған сорғылардың конструктивтік орындалуы және қосу сызбасы оларды жөндеу-профилактикалық жұмыстарға дайындау кезінде толығымен босату, шаю және газдардан тазарту мүмкіндігімен орындайды.

150. Сораптық бекет төмендегілерге арналған:

- 1) ұнғымалар өнімдерін сығу сорғыш бекеттеріне дейін қайта айдауға;
- 2) МДҚ технологиялық қайта айдауға;
- 3) резервуар ішіндегі қайта айдауларға;
- 4) МДҚ тауарлық мұнайды қайта айдауға.

151. Жанатын өнімдерді қайта айдайтын сорғыштар үшін кіріс және қысымды желілерде әдетте, дистанционды басқарылатын, бітегіш немесе кесу құрылғыларын дистанционды ажырату және орнату қарастырылады.

152. Сорапты қосу мен тоқтату кезінде тиісті ысырмалардың ашылуы мен жабылуының дұрыстығы тексеріледі. Поршеньді сорапты айдау линиясындағы жабық ысырмамен қосуға тыйым салынады.

153. Сорғыштарды тығыздау осы технологиялық ортаға арналған өндірістік процесс кезінде герметикалықты қамтамасыз етеді.

Сорғыштарда герметикалықты қамтамасыз ететін резервті майлы сорғышты қоса алғандағы автоматты қондырғылар қарастырылады.

154. Барлық сорғыштар жоғары деңгей сигналын операторлық ғимаратқа (диспетчерлік пункт) шығаратын пайдаға асырудың жабық жүйесіне дренаждалатын өнімді шығару үшін түптермен және дренажды құрылғылармен қамтамасыз етіледі.

155. Сорғыштарды тазарту және үрлеу кезінде сұйықтар трубақұбырлар бойынша ғимараттан тыс жерге герметикалық ыдысқа, ал көмір сутек булар мен газдар газ

жинағыш жүйеге шығарылады. Құбыржолдарының орналасуы қауіпсіз қызмет көрсетуді ескере отырып жүргізіледі.

156. Құбыржолдарында өнімдердің мақсаты мен қозғалу бағыты, сорғыштарда белгілер мен нөмірлер технологиялық сызбаға сәйкес, сорғыштар мен электр қозғалтқыштарында айналу бағыты қысылу режимінде көрсетіледі.

157. Сорғыштарға арналған арматуралар сорғыш паспортына және құбыр жолдары сипатына сәйкес шартты қысым бойынша таңдап алынады. Ортадан тепкіш сорғыштың тастау трубасында манометр мен кері қалқанша, ал поршеньді сораптың айдау сызығында лүпілін алдын алғышы (өшіргіші) бар кері қалқанша мен сақтаушы қалқанша орнатылады.

158. Сораптардың айналатын бөліктерінің шығып тұрған детальдары (вал шпонкалары) айнарудың бүкіл шеңбері мен ұзындығына қоршаумен жабылуы тиіс. Айналу бөліктерінде қоршау болмаған жағдайда сорғыштарды іске қосу және пайдалануға жол берілмейді.

159. Сорғыштарды пайдалану кезінде оның техникалық жағдайын сипаттайтын қысу қысымы және басқа параметрлерді бақылау қамтамасыз етіледі. Дұрыс жұмыс істемейтін және БӨҚАҚ уақытында тексерістен өткізілмеген сорғыштарды пайдалануға жол берілмейді.

160. Қозғалатын бөліктерді майлау, тығыздамалардағы, бүйір тығыздағыштарындағы және құбырлар қосылыстарындағы жіберулерді сорғыш жұмыс істеп тұрғанда жоюға жол берілмейді.

Жұмыс істеп тұрған сорғыштардың қозғалатын бөліктерін майлауға жұмыстың тиісті қауіпсіз жағдайы болғанда жол беріледі. Сорғыштар Майынтіректері жиі майланады. Майынтіректердің қалыптан жоғары қатты қызуына жол берілмейді. Майынтіректер температурасы бақыланады.

161. Тығыздағыштарға май беретін сораптарда май қысымы азайғанда қосалқы май сорабын қосатын блоктаушы құрылғы қарастырылады.

Сорғыштар мен арматураларды майлау үшін қатпайтын майлар қолданылады.

Майынтіректер мен герметизаторлардың корпустарын суыту үшін қатпайтын сұйықтар (антифриз) қолданылады. Суыту сұйықтары ретінде 30 Цельсий градусқа дейінгі температурадағы суды пайдалану кезінде ағынды бақылау үшін ашық түтікшелер немесе кәріздермен жалғанған қарау құрылғылары қолданылады.

162. Сорғыштарды пайдалану кезінде қондырғының герметикалығы тұрақты бақыланады.

163. Сорғыштың қауіпсіз жұмыс режимін бұзатын ақаулар анықталған жағдайда дайындаушының техникалық құжаттарына сәйкес оны тоқтату және жөндеу жүргізіледі.

Сорапты ашып жүргізілетін жөндеу оны тоқтатып, электр қуатын айырып, қысымды атмосфералыққа дейін түсіріп, бітеуші ысырманы жауып, бітеуіштерді орнатқан соң жүргізіледі.

164. Сораптың электрқозғалтқышы айырылғаннан соң бөлу құрылғысында екі жерден токсыздандырылады (айырғышпен айыру және сақтағыштың ерігіш қойылмасын шешу).

Электрқозғалтқышты қосу тетігінде және бөлу құрылғысында "Қоспа – Адамдар жұмыс жасап жатыр" деген ескертпе жазба ілінеді.

Ескертпе жазбалар өкімхат-рұқсатта көрсетілген жөндеуді жүргізуге жауапты тұлғаның рұқсатымен жиналады.

165. Компрессорлы және сорапты қондырғының жөндеуі дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

166. Резервтік сорап қосуға әрдайым дайын тұруы тиіс. Жұмысшы сораптан резервтікке ауысар алдында тиісті ысырмалардың ашылу дұрыстығы мен сораптың қосуға дайындығы тексеріледі.

167. Қататын мұнай өнімдерін қайта айдау кезінде келесі шарттар орындалады:

- 1) айдаудың технологиялық процесстері жұмысының үздіксіздігі;
- 2) сорғыштар мен құбыр жолдарының жылу оқшаулаулары мен жылытулары;
- 3) сорғыштар және трубақұбырлардың үрлеу және дренажды жүйесінің болуы.

168. Ашық алаңдарда орналасқан сорғыштарды жоспарлы тексерту жөндеу жылдың жылы мезгілінде немесе жылытылатын уақытша жабулар құрылғыларымен жүргізіледі.

169. Сорғы бөлмелерінде және ашық алаңдарда стационарлық газсигнализаторлар, оператордың пультына көрсеткіштерді шығаратын жарылысқа дейін шоғырлану тетігі орналастырылады.

170. Сорғы бөлмесі кем деген де екі шығу жолдарымен қарастырылады, есіктер мен терезелер сыртқы жағына ашылады. Есік орнында табалдырық қондыруға жол берілмейді.

171. Сорғы ғимараттарындағы едендер мен лотоктар жуу құралдары қолданыла отырып сумен жуылады.

Жанатын және зиянды заттар болатын ағынды сулар өндірістік кәріздерге ағызу алдында тазартылады.

172. Персонал өтетін орындарды жабуға және қондырғыларды орналастыруға жол берілмейді.

173. Сорғы бөлмесі ұшқын қауіпсіздігі бойынша жасалған мәжбүрлі вентиляциямен жабдықталады.

174. Сорғы бөлмесінде тезлапылдайтын және жанатын сұйықтықтарды сақтауға жол берілмейді.

175. Сорғы бөлмелерден (ғимараттардан) тыс сору және айдау құбырларында бітеуіш арматура орнатылады.

176. Сорғы бөлмелері стационарлық жүк көтеру құрылғыларымен жабдықталады.

177. Жанатын өнімдерді қайта айдайтын сорғыштар (сораптар тобы) үшін кіріс және қысымды желілерде әдетте, дистанционды басқарылатын, бітегіш немесе кесу құрылғыларын дистанционды ажырату және орнату қарастырылады.

178. Тез тұтанатын сұйықтықтарды айдау үшін қос дөңбекті нығыздағышы бар тығыздамасыз сыртқа тебуші сорғыштар қолданылады.

179. Сұйытылған көмірсутекті газдар үшін сыртқа тебуші нығыздағыш (тығыздамасыз) сорғыштар қолданылады. Қос дөңбекті нығыздағышы бар тығыздамасыз сыртқа тебуші сорғыштар қолдануға рұқсат етіледі.

180. Сыртқа тебуші сорғыштың қысымды құбырында кері клапан орнатылады.

181. Тез тұтанатын және жанғыш өнімдерді аударатын сорғыштар қорабы сорғыштармен бір шеңберде тұратын электрқозғалтқыштарды жерге қосуға байланыссыз жерге қосылады.

182. Сору станцияларындағы құбырлар оларға қызмет етуге қолжетімді орындарда орналасады.

183. Сорапты сору және айдау коллекторларынан айыру үшін ысырмалар қолданылады. Ол мақсатқа бітеуіштерді пайдалануға болмайды.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

184. Сорапты тоқтатқанда сорап тығыздамасын салқындатуға арналған суды беруді тоқтатады.

185. Бу сораптарын алдын ала бу конденсатын төгіп, бу цилиндрлерін жылытып алмай қосуға болмайды.

186. Бу конденсатын шығару және бу цилиндрлерін қыздыру кезінде сорғыштың шығарып тастайтын құбырындағы жылжытпа ашық күйде болады.

187. Бу сорғыштың жансыз күйде тұрған жағдайдан жылжыту кезінде қолмен мыналар іске асырылады:

- 1) сорып алатын және айдайтын өнім құбырларындағы жылжытпа жабылады;
- 2) түсетін және қолданыстан шыққан будың бу тетігі жабылады;
- 3) қысым алынады.

188. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

191. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

192. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

194. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Жарықтандыру мен электрқондырғылар жарылыс өрт қауіпсіз орындалумен қабылданады.

196. Жөндеу жұмыстарына арналған жер кен орындары және траншеялар қоршалады, ал жұмыстар аяқталған соң, алаңның жоспарлануымен жабылады.

Ескерту. 196-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

197. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

200. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

201. Сақтандырғыш, артық ауа шығарғыш және гидравликалық қақпақшалардың қалыпты жағдайлары ГДӨН техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес тексеріледі.

202. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

203. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

204. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Дистанционды және телеметриялық басқару арматуралы жобаға, дайындаушының техникалық құжаттарына сәйкес орнатылады.

206. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Автоматты және қолмен басқару кезінде ысырмаларды қосу басқарудың сызбасына және технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі.

Бітегіш арматуралар мен құрылғылар технологиялық сызбаға сәйкес олардың қалыптары мен белгілерімен қамтамасыз етіледі.

208. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

210. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

211. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

213. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

214. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

215. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

216. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

217. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

218. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

219. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

220. Жылу тасымалдағышты іске қосу кезінде ысырмалар біртіндеп ашылады. Жылытқыштар герметикалығы жылу тасымалдағыш шығыны және қысымы бойынша бақыланады.

221. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

222. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

223. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

225. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

226. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

227. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

229. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

230. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

231. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

232. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

233. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

234. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

235. Электрлі қосқышы бар бекіткіштерді өздігінен және ара қашықтықтан басқарылатын болса, онда бекіткіштің бекіту құрылғысының қай жағдайда тұрғанын көрсететін белгі беру аспабы қарастырылады.

236. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

237. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

238. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

239. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

240. Қазан ішіндегі жұмыстар үш адамнан кем емес бригадамен жүргізіледі: біреуі – жұмыс жүргізеді, екеуі – бақылаушылар. Бақылаушыларсыз жалғыз жұмыс жасауға болмайды.

241. Бақылаушылар сыйымдылықтағы және аппараттағы жұмысшылардағыдай жабдықтарда, тез көмек көрсетуге дайын болу керек.

242. Ыдыс немесе аппарат ішіндегі жұмыс өндірісі кезінде бақылаушылар сыртта болулары, жұмыс жасаушыны үздіксіз бақылауы, ауа үрлегіштің шлангісінің жағдайын

бақылауы, таза ауа аймағындағы патрубканың болуын бақылауы және шлангінің майысуын болдырмауы тиіс.

Ескерту. 242-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

243. Шлангінің шарбақтық келте құбыры таза ауа аймағына жел бағытына қарсы бағытта шығарылып бекітілуі тиіс. Шлангты майысудан, айнарудан, сығылудан ауа келуі тоқтап қалмайтындай етіп орналастыру керек.

244. Ыдыстағы жұмыс кезінде айқышкейіпті тартпалары мен оған бекітілген, бос ұшы сыртта болып, бақылаушының қолында тұруы тиіс дабылды-құтқару арқаны бар сақтағыш белбеу киіледі.

245. Қандай да бір ақаулық табылса (шланганың тесілуі, ауа үрлегішінің тоқтауы, құтқару арқанының үзілуі және тағы сол сияқтылар) және ыдыстағы жұмысшы газқағардың шлем-маскасын шешуге тырысса, сыйымдылықтағы жұмыс дереу тоқтатылып, жұмысшы сыйымдылықтан шығарылуы тиіс.

Ескерту. 245-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

246. Ыдыс, аппарат ішіндегі ашық отты пайдаланып жасайтын жұмыстар тек қана нысан басшысының жазбаша рұқсатымен жүргізіледі.

247. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

248. Ашуға дайындық шаралары (булау, жуу мен желдету) біткен соң аппарат ішіндегі ауаның көмірсутек пен оттегіге талдауы жүргізіліп, наряд-рұқсатқа жазылады.

Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

249. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

250. Ашылуы тиіс аппараттар, ыдыстар және жабдықпен байланысты құбырлар бітеуіштер көмегімен кесіледі. Бұл ретте журналда бітеуіштің тіркеу нөмірі көрсетіліп, оларды орнату және алу уақыты туралы белгі қояды.

Ескерту. 250-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

251. Аппараттарды, және жабдықтарды қарап шығуға және тазалауға дайындау кезінде мұнай өнімдерін өндірістік кәрізге шығаруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

252. Аппараттардағы люктер аппарат арқылы ауа тогы құралмауы үшін жоғарыдан төмен ашылады.

253. Қондырғылар, аппараттар, сыйымдылықтар қақпақтары қауіпсіз ашу, фиксациялау және механизациялау құралдарын қолдана отырып, дайындаушының техникалық құжаттарына сәйкес пайдаланылады.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

254. Дайындау процесінде қызған аппараттар оларға адамдар түсер алдында 30 Цельсий градустан аспайтын температураға дейін суытылады.

Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

255. Аппараттарда 30 – 50 Цельсий градустан (аспайтын) температура жұмыстар жүргізген жағдайда жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіпсіздіктің қосымша шаралары қарастырылады: таза ауамен үздіксіз үрлеу, асбесттік костюмдер, жылу өткізбейтін аяқ киімдер қолданылуы, қарастырылады.

Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

256. Биіктіктен төменге аппараттарды тазалау кезінде алынған лас заттарды, қатты заттарды лақтыруға жол берілмейді.

Бұл мақсат үшін шағын механизация құрылғысы қолданылады.

Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-Параграф. Газды қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

257. Технологиялық процестерді, өндірістік қондырғыларды және құрылғыларды таңдау кезінде өндірістік процесстердің технологиялық параметрлерінің регламенттік шамалары кезінде жарылыс мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз ететін шаралар қарастырылуы; автоматты реттеу мен апатқа қарсы қорғаныс құралдарын қосқанда параметрлердің регламенттелетін шамадан асуын болдырмайтын қажетті құралдар мен әдістер анықталуы тиіс.

258. Жарылыс қауіпті технологиялық процестердегі апатқа қарсы қорғаныс жүйелерінде төмендегі жағдайлар қарастырылады:

1) технологиялық жабдықтардың ішінде олардың қайсыбір жұмыс режимінде болмасын жарылыс қауіпті ортаның пайда болуына жол бермеу;

2) апаттық жағдайлар кезінде өндірісті қауіпсіз тоқтату.

259. Әрбір жарылыс қауіпті өндіріс, учаске, қондырғы үшін жобада айқындалады:

1) жарылыс қауіпті аймақтар және олардың кластары, апаттық жағдайлар кезінде пайда болуы мүмкін жарылыс қауіпті қоспалардың дәрежелері және топтары;

2) жайлардың жарылыс және өрт қауіпі бойынша дәрежелері.

260. Жарылыс қауіпті аймақтарда қолдануға арналған электржабдықтар, БӨАЖА құралдары, жарықтандыру, дабыл, байланыс құрылғылары жарылыс қауіпті аймақтың тиісті класына сәйкес қорғаныс деңгейімен жарылысқа қарсы қорғаныс орындалуымен және жарылыс қауіпті қоспалардың дәрежелеріне және топтарына сай келетін жарылысқа қарсы қорғаныс түрі қамтамасыз етіледі.

Тасымалды жарықтандыру үшін кернеу 12 вольтан аспайтын жарылыстан қорғалған шамдарды қолданады. Техникалық байланыс құралдары жарылыс қауіпті жайлардағы аймақтар класына сәйкес орындалады.

261. Жобалық шешімдерде жанар буларды және газдарды ығыстыратын инертті газдарды қолдану қарастырылады, оттегінің құрамын бақылау әдістері мен құралдары, және олардың технологиялық қондырғыларда және құбыр желілерінде қауіпті шоғырлануының алдын-алу шаралары регламенттеледі.

262. Күкіртті сутектің қауіпті жиынтығы анықталғанда (ШРК асатын):

1) дереу адамдарды қауіпті аймақтан шығару шаралары қолданылады;

2) ӘАҚҚ және ГДӨО диспетчері хабарландырылады;

3) күкіртті сутектің қауіпті жиынтығы пайда болған орында "Кірмеңіз – газданған" деген ескерту плакаты ілінеді.

263. Күкіртті сутектен тұратын (қышқыл газдар) газдарды шығару тек ерекше жағдайларда жеке алаулық жүйе бойынша іске асырылады.

264. Күкіртті сутектен тұратын сұйықтықтар төгілуі мүмкін бөлмелерде оларды жууға арналған құралды дереу пайдалану үнемі дайын тұрады.

265. Күкіртті сутектен тұратын сұйықтықтарды және зиянды заттарды алдын ала бейтараптандырмай ашық канализация жүйесіне төгуге рұқсат етілмейді.

Ескерту. 265-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

266. Улы сұйықтықтар төгілуі мүмкін өндірістік объектілерде үнемі дереу пайдалануға жарамды күйдегі бейтараптандыру ерітіндісінің қоры мен оны жедел

қолдану үшін техникалық құрал болуы және күтіп ұсталуы тиіс. Бейтарапдандыру ерітіндісінің саны мен құрамы мүмкін болатын төгулер көлемімен және технологиялық сұйық ортаның улы қосындыларының қасиеттерімен анықталады.

Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

267. Аппараттар жайында газды бөлу блогының жұмысы кезінде жарылыс қауіпті қоспалардың пайда болуына жол бермес үшін төмендегілер жүргізіледі:

1) каналдардың вентиляциясының тарту-шығару вентиляциясының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету;

2) аппараттар жайындағы ауа ортасына газ талдаушы-дабыл берушілердің жәрдемімен жүйелі талдау жүргізу. Ауа ортасының құрамы туралы деректер басқару пультына шығарылады.

268. Жанар газдардың үлесі 1 пайыздан (ауқымнан) асқанда, газ тәрізді азотты береді және аппараттар жайындағы шығару вентиляциясын қосады.

269. Үй-жайда зарарсыздандыру (төгілгендерді жоюдан кейін иісті жою) ауаны желдету және сыртқы жақтарын 1 пайызды марганцовка қышқылды калий (калий перманганаты) сулы ерітіндісімен өңдеу жүргізіледі.

Ескерту. 269-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

270. Азоттық демалысы бар күкіртті сутек сұйықтықтарды сақтауға арналған ыдыстар сұйықтық деңгейін қашықтан өлшеуге арналған құрылғылармен, шекті жоғарғы деңгейді дабыл бергіштерімен, шекті деңгейге жеткенде сұйықтықты беруді автоматты тоқтатуға арналған құрылғылармен жабдықталады.

271. Құдықтарда орналастырылған ысырмаларды құралдарды пайдаланып, жер бетінен басқару қарастырылады.

Ескерту. 271-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

272. Технологиялық жабдықты орау күкіртті сутектен тұратын парлар мен газдарды ығыстыру үшін табиғи немесе инертті газдармен тазартылған аппараттар мен коммуникацияларды жөндеу алдында үрлеу мүмкіндігімен қарастырылады.

273. Технологиялық құрылғыларды қосу және пайдалану жұмыстары АҚК қызметкерлерінің бақылауымен жүргізіледі.

274. Жабдықтар мен құбырлардың әрбір түрі үшін тотығуды бақылау әдісін, кезенділігін және орындарын техникалық басшы бекітеді.

275. Күкіртті ортаның агрессивтік әсері жағдайында пайдаланылатын жабдықтар мен құбырларды техникалық бақылау көлеміне ГДӨО техникалық басшысы бекіткен техникалық регламентке сәйкес қабырғалардың қалыңдығын өлшеу енгізіледі:

- 1) пайдаланудың бірінші жарты жылында – кемінде айына бір рет;
- 2) бұдан әрі жабдықтың нақты тотығу күйіне байланысты – кемінде тоқсанда бір рет.

276. Аппараттар, жабдықтар алдына ала қаралады, тазаланады, техникалық диагностика және ГДӨН техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес жөнделеді.

Ескерту. 276-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

277. Технологиялық жабдықтар және құбыр желілері автоматты басқару және бақылау аспаптарымен жабдыкталады, оператордың пультынан басқарылады, қашықтан және автоматты басқарудың реттеуші аппаратурасымен жабдыкталады.

Оған қоса жергілікті бақылау және іске қосу-күйіне келтіру жұмыстары үшін жабдықтардың тікелей өзінде технологиялық процестерді бақылау аспаптарын және қолмен басқару жүйелері қойылады.

278. Технологиялық құрылғылар үшін технологиялық процестерді Автоматты басқару және бақылау құралдарымен жабдықтау деңгейі төмендегі талаптардың қамтамасыз етілуімен қарастырылады:

- 1) сипаттамаларды, ауқымын, шикізатты, дайын өнімді және энергетикалық ресурстарды бақылау;
- 2) негізгі технологиялық параметрлердің мәндерінен ауытқу кезінде автоматты реттеу, қашықтан бақылау және дабыл жүйесі;
- 3) апаттық жағдайлар кезінде жабдықтарды автоматты және қашықтан ажырату;
- 4) технологиялық параметрлердің апаттық ауытқуы кезінде өнімді кәдеге жарату жүйесіне жіберу жүйесін қосқанда жабдықтарды автоматты қорғау;
- 5) БӨАЖА орналастыру немесе электр қуатының өшуі кезінде жұмыс қабілетін сақтау;
- 6) негізгі ажырату арматурасының жағдайы және сорғы-компрессорлық жабдықтардың жұмысы (тоқтауы) туралы диспетчер пультына дабыл беру;
- 7) диспетчер пультына апаттық дабылды жіберу.

279. Автоматтау, басқару, бақылау, сондай-ақ технологиялық процестердің және өндірістік жабдықтардың апаттық қорғаныс жүйелерінің жоғарғы сенімді жұмысын жоба арқылы қамтамасыз ету үшін қарастырады:

- 1) бақылау-өлшеу аспаптарының технологиялық құрылғыларының кемінде бір сағат жұмысына көзделген ауа қоры бар ауа ресиверлері;

2) арматураға арналған бақылау өлшеу аспаптарының жабдықтардың апаттық тоқтатылуын және жеңілдетілуін қамтамасыз ететін пневможетегі бар жекедара ауа жинағыштары;

3) апаттық резервтік (апаттық дабыл, басқару, бақылау, жарықтандыру жүйелері үшін) автономды көзден (аккумулятор батареясынан) кемінде бір сағат жұмысты қамтамасыз ететін электр қуат көзі.

280. Қалыпты орындалуды автоматты реттеу және басқару жүйесінің пневматикалық аспаптарын қуатпен қамтамасыз ету үшін аталған аспаптардың өндіруші зауытының техникалық құжаттамасындағы талаптарға сәйкес құрғатылған және тазартылған ауаны немесе тауарлық газды қолданады. Осы мақсатта құрамында улы және коррозиялық-белсенді заттар бар газдарды қолдануға рұқсат етілмейді.

281. Технологиялық орталардың сынамаларын алуға, реттеуші және бақылау-өлшеу аспаптарының датчиктерін қоюға арналған құрылғыларды пайдалану талаптарына сай келетін конструктивтік материалдардан дайындайды. Жобалау шешімдерінде аталған құрылғыларды олардың беріктігін және герметикалығын сынақтаудан кейін жабдықтарға монтаждау қарастырылады.

282. Зиянды заттардың ШРК датчиктері технологиялық құрылғылардың ашық алаңдарының жұмыс аймағында, өндірістік жайларда, қызмет көрсететін персоналдар тұрақты орналасатын жағдайда блокты-кешенді қондырғылардың (бұдан әрі – БКҚ) жайларын (баспаналарын) қосқанда орнатады.

Қызметкерлердің басым бөлігі орналасатын өндірістік жайларда ШРК қадағаларын 200 квадрат метр алаңда кемінде біреуін, бірақ бір жайда кемінде біреуін орналастырады.

ШРК қадағаларын кіру вентиляциясының ауа беру құрылғысынан кемінде 3 метр алшақта және зиянды заттардың ықтимал шығуы көзінен кемінде 1 метр алшақта орнатады.

Ашық алаңшаларда ШРК қадағаларын құрамында зиянды заттар бар технологиялық жабдықтар алаңшасының периметрі бойымен, жабдықтан 3 метр ара қашықтықта, бірақ бір-бірінен 20 метрден артық жер (еден) бетінен 0,5 метр биікте орнатады.

ШРК қадағаларын технологиялық жабдықтардың алаңшаларының аумақтық түйісуі линиясымен бір қатарға орнатуға рұқсат етіледі.

283. ДШК БКҚ жайларды қосқанда өндірістік жайларда орнатады.

Сырттан жарылыс қауіпті газдардың және булардың кіруі мүмкін технологиялық жабдықтары бар тереңдетілген жайларда және жарылыс-өрт қауіпті құрылғылардың аумағында, тереңдетілген қойма жайларында ЖӨС және жанар газдар бар кезде алаңның әрбір 100 метр квадрат алаңда жеңіл жанатын сұйықтықтардың ЖЖС датчигін, әрбір жайға кемінде бір датчиктен орнатады.

Компрессорлық станциялардың жайларында ЖАШҚ қадағаларын әрбір агрегаттың жарылыс қауіпті газдардың және булардың әрбір ықтимал шығу орындарында, бірақ

шығу көзінен 3 метрден алыс емес жерде (көлденең) орнатады. Қадағаларды топтастырып орнататын жағдайда бір ЖАШҚ қадағасын әрбір 100 метр квадрат сайын орналастырады.

284. Газдардың және булардың ықтимал шығу көздері бар технологиялық жабдықтарды тұтас емес және торкөзді қабатаралық жабындылары бар көпқабатты өндірістік жайларда орналастырған жағдайда, әрбір қабат жекедара жай ретінде қарастырылады.

Жайлардың ішінде ЖАШҚ қадағаларын газдардың және булардың қоюлығын (ауа температурасының әсер етуін қосқанда) ескерумен орнатады:

- 1) көздің үстінен (шығуы кезінде жеңіл газдардың ауадағы қоюлығы 0,8 Цельсия градустан кем);
- 2) көзден жоғары немесе төмен (шығуы кезінде газдардың ауадағы қоюлығы 0,8 бастап 1,5 Цельсия градусқа дейін);
- 3) еденнен 0,5 метрден жоғары емес (шығуы кезінде газдардың және булардың ауадағы қоюлығы 1,5 Цельсия градустан артық).

285. ЖАШҚ қадағаларын жарылыс қауіпті аймақтарда келесі құрылғылары бар жерлерде орнатады:

- 1) технологиялық құрылғылар, құрамында жанар газдар немесе ЖӨС;
- 2) сығымдалған көмірсутекті газдарды (бұдан әрі – СКГ) сақтайтын резервуарларда;
- 3) ЖӨС және СКГ құю және сығымдалған көмірсутекті газдарды ағызу эстакадаларында;
- 4) СКГ газ толтырушы станциялары;
- 5) ЖӨС, СКГ және, ашық алаңшаларда орналасқан жанар газдардың сорғы-компрессорлық құрылғылары.

286. Ашық алаңшалардағы сорғы және компрессорлық құрылғыларын, технологиялық құрылғылардың ЖАШҚ қадағаларын аймақтың периметрімен бір-бірінен 20 метрден алшақ емес аралықта орнатады, үш қадағадан кем емес, оның ішінде технологиялық аппараттарды, жабдықтарды жекедара орнату кезінде.

СКГ құю және ағызу эстакадаларында екі құю тіреушесіне бір ЖАШҚ қадағасын эстакаданың бойымен бір-бірінен 20 метрден артық емес алшақта орнатады. Саңылаулы едені бар екі жақты құю эстакадада – төрт тіреушеге бір дачик орнатылады.

СКГ газ толтыру станцияларында әрбір газ толтыру торабының жанынан тораптан бастап күтім жасайтын қызметкерлер келетін жағынан 5 метрден алшақ емес аралықтарда бір ЖАШҚ датчигінен орнатады.

ЖАШҚ қадағаларын технологиялық пештердің ашық алаңшаларында олардың жанындағы жарылыс-өрт-қауіпті құрылғыларынан газдардың ықтимал шоғырлануына қарай орнатады. Пештерден бастап қадағаларды орнату аралығы 15 метрден және бір-бірінен 20 метрден артық емес аралықтарда орнатылады.

ЖАШҚ дачиктерін ашық алаңдарда жер (еден) бетінен 0,5-1,0 метр биікте орнатады

Ескерту. 286-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

287. Газ талдаушылардың ескертетін сәулелік және дыбыс дабылдары зиянды заттардың РШШ жеткен сәтте қосылады.

Газ талдаушылардың ескертетін сәулелік және дыбыс дабылдары жанар газдардың 20 пайыз шоғырлануы сәтінде және апаттық - жарылудың төменгі шоғырлану шегінен (бұдан әрі – ЖТШШ) 50 пайыз шоғырлануы сәтінде (жабдықтардың автоматты ажырауымен).

288. Күтім жасаушы қызметкерлер тұрақты орналасатын жайларда ескерту және апаттық дабылдары қадаға орнатылған жерлерде және жайлардың ішінде шығатын жерде қойылады. Жалпы дыбыс дабылын бүкіл жайға беруге рұқсат. Қызметкерлер ара-тұра орналасатын жайлардың кіре берісінде орнатылады.

289. Ашық алаңшаларда ескертетін және апаттық сәулелі және дыбыс дабылын қадағалар орнатылатын жердің әрбірінде немесе жиынтығында және басқару жайында орнатады.

ГДӨН технологиялық пештердің ашық алаңшаларында жанар заттардың ЖТШШ 50 пайыз шоғырлануы сәтінде отын газының берілуін автоматты тоқтату, бу шымылдығын және буды пешке беруді қосу үшін ЖАШҚ қадағалары арқылы қосымша басқару дабылын беруді қарастырады.

290. Ашық құрылғылардың жарылыс қауіпті жайларда және ашық жерлердегі жарылыс қауіпті аймақтарда орнатылатын газ талдаушылардың және дабыл аппаратурасының қадағаларын жарылыс қауіпті қоспалардың тиісті дәрежелеріне және топтарына сәйкес жарылысқа қарсы қорғаныс тәртібімен орнатады.

291. Қадағалардың техникалық сипаттамалары және монтаждау талаптары олардың қалыпты пайдалану кезінде ауа ортасының рұқсат етілген диапазонында жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етеді

292. ЖАШҚ газ талдаушыларының ЖТШШ 5 пайыздан артық емес негізгі ауытқулары рұқсат етіледі.

293. Қондырғыларды іске қосу тәртібі технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі. Газды беру алдын жүйедегі абсорбенттердің айналымын күйіне келтіреді.

294. Күкірттен тазарту үшін газды оның құрамын конденсаттан тазартып барып береді.

Құрғату блогының ойдағыдай жұмысы үшін газдың қалыпты берілуін қамтамасыз етеді. Қанық ерітіндіні регенерацияға жөнелтетін абсорбертегі деңгейді автоматты реттеушінің жұмысына тұрақты қадағалау жүргізіледі.

295. Амин ерітіндісін дайындау кезінде ыдыстың жоғарғы люгын жабады. Жабдықтардың, аппаратураның және құбыр желілерінің герметикалығы бұзылған жағдайда және апаттық учаскені оқшаулау мүмкін болмаған жағдайда, қондырғының жұмысын АЖЖ сәйкес тоқтатады.

296. Апаттық учаскеде жөндеу жұмыстарын бастамас алдын қондырғыны "жалынның шығуы" әдісімен инертті газбен тазартады. Қышқыл газдарды қабылдауға қатысты қондырғыларды іске қосу газ-құтқару қызметі мамандарының қатысуымен жүргізіледі. Күкіртсутегі тасымалданатын құбыр желілеріне сары түсті жолақтарды немесе сары түсті шеңберлерді салады.

297. Қыздырушының және генератордың реакторының оттықтарына от салу алдында оттықтарды 15 минут шамға салумен, ауамен үріп тазартады және оттықтардан шыққан ауаның құрамында жарылыс қауіпті қоспалардың жоқ болуын тексереді. Генератор реакторының және қыздырушылардың оттықтарында жарылыс қауіпті қоспалардың пайда болуына жол бермес үшін ауаның және газдың оттықтарға мөлшерлеуші құрылғылардың жәрдемімен регламенттік аралық үлесінің берілуін қамтамасыз етеді. Шілтерлерге тұтындырғыштар арқылы от қояды. Бақылау терезелерінің көздерін тазартып отырады. Гидроысырмаларды шөгінділерден мерзімімен тазартады. Күкіртті қоймаға (дегазаторға) тігінен құюға рұқсат етілмейді.

298. Күкірт төгілгенде қатқылданған күкірттің үстіне тұруға, күкірт қоймасының ашық люгының астында тұруға, күкіртті ағызу астаушасының жанында тұруға рұқсат етілмейді.

Қойманың қабылдау жеріндегі күкірттің деңгейін тексеруді люкты ашпастан, ТОЖҚҚ және жарылыстан қорғалған шамдарды қолданумен, арнайы штуцер арқылы жүргізеді. Күкірттің құйылуына ықта тұрып бақылау жасайды.

Күкірттегі бу фазасының үлгілерін диэлектрик материалдан жасалынған сынап алушыларға жібереді.

299. Сұйық күкіртті сорғылау жайында өнімнің төгілуіне жол берілмеуі тиіс. Сорғылау жайындағы едендерді және науаларды сумен жуып өндірістік кәрізге ағызып жібереді.

Балқытылған күкіртпен жұмыс кезінде күйік алудан және күкіртсутек буларымен уланудан қорғану үшін сақтық шараларын қабылдайды.

300. Күкіртті қалыптардан алу күкірт толығымен қатқан кезде жүргізіледі.

Күкірт тозаңы пайда болатын арту-түсіру жұмыстары кезінде респираторларды қолданады.

301. Күкірт тозаңынан тазарту жұмыстары үшін сығымдалған ауаны қолдануға рұқсат етілмейді.

302. Күкіртті құю, дайындау, түсіру процесіне қатысатын жұмыскерлер жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

303. Жұмыс кезінде киілетін арнайы киімді толығымен түймелейді, шалбарды етіктің үстінен киіп, тізе жақтан буады; қорғаныс көзілдіріктерін және каскаларды тағады.

304. Сұйық күкіртті алаңшалар бойынша құю, кесек және ұнтақ күкіртті дайындау және арту кезіндегі жұмыстарды қауіптілігі жоғары жұмыстарды тіркеу журналында көрсетеді.

305. Сұйық күкіртті құю кезінде рұқсат етілмейді:

- 1) толығымен қатқанша алаңның (картаның) ішінде жұмыстарды жүргізуге;
- 2) жұмыскерлердің қорамалау (қалыптау) алаңына кіруіне сұйық күкіртті соңғы құюдан кемінде 12 сағат өткен соң ғана рұқсат етіледі;
- 3) құю пилонына (кранға) 30 метрге жақындауға.

306. Күкіртті сақтау алаңшасын дайындау алдында оның толығымен қатқанын тексеру үшін сынама бұрғылауды жасайды.

307. Жұмыскерлердің күкіртті сақтау алаңдарына кіруі баспалдақтар (трап) арқылы жүргізіледі.

308. Техниканың күкіртті сақтау алаңшаларына кіруі алаңшаның бастауына 35 градустан аспайтын көлбеумен үйілген кесекті күкірт үйіндісі арқылы жүргізіледі.

309. Тасымал техникаларын алаңшаның шетінің бойымен экскаватор шөмішінің сермеу ұзындығының біржарым есе ұзындығына сәйкес орналастырады.

310. Күкіртті тасымалдайтын көлікті жөнелту алдын жуып-шаяды және тазартады.

311. Ашатын кезде ішінде күкіртсутегі бар барлық аппараттарды, агрегаттарды және құбыр желілерін "газды жалынға" желісі арқылы инертті газбен тазартады.

312. Генераторлардың реакторларын ашар алдын, оларды 30 Цельсий градусқа дейін салқындатады, зиянды заттардың РШШ деңгейінен аспайтын жағдайын тексеруде оң нәтижелерге қол жеткізгенге дейін ауамен үріп тазартады.

Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

313. Генераторлардың реакторларының газ камераларында күкірттің болуына рұқсат етілмейді.

314. Құрылғыларды іске қосар алдында:

- 1) пештердің газды құбыр желілерін жалынды желіге салып отын газымен үрлейді;
- 2) гидроқысымалардың жарамдылығын тексереді;
- 3) гидроқысымаларға күкіртті толтырып, балқытады.

Қышқыл газдарды қабылдап алу қондырғыларын іске қосуды газ-құтқару қызметі мамандарының қатысуымен жүргізеді.

315. Аппараттарды және коммуникацияларды жөндеу алдын үріп тазарту азотпен жүргізіледі, жанар газдардың өртенуінің төменгі деңгейі 20 пайыздан аспаған кезде,

артынша жанғыш газдардың үлесі РШШ деңгейінен аспайтын жағдайға дейін ауаны тазартады.

Жанар газдардың коммуникацияларындағы және аппараттарындағы импульстік желілерді, үрлемелерді, реттеушілерді атмосфераға үрлеп "шамға қойып" тазартады.

316. Сығымдалған газдармен барлық технологиялық операцияларды орындайтын жұмыскерлер бүйірлік қалқаншалары бар қорғанис көзәйнектерімен, арнайы киім-кешекпен және брезентті қолғаптармен жабдықталады.

Жалаң қолдармен сығымдалған газдардың изоляциясы жоқ ыдыстарын ұстауға рұқсат етілмейді.

317. Гелийді өндіру қондырғыларына күтім жасау кезінде қысым астындағы аппараттардағы және коммуникациялардағы ақауларды жөндеуге рұқсат етілмейді.

318. Ауа бөлу бағаналарын және басқа аппараттарды дихлорэтанмен немесе төрт хлорлы көміртекпен тазартудан кейін, және кейінгі ағызу кезінде, бөлінген буларды жайлардан тыс қауіпсіз аймаққа шам арқылы шығарады.

319. Техникалық көміртекті өндіру үшін алынатын газ шаңнан және басқа қоспалардан қондырғыларды пайдаланудың технологиялық регламентінің нормативтеріне сай болғанға дейін тазартылады.

320. Герметикалығы бұзылған жағдайда, ақаулы жабдықтар және газ желісі газ алынатын көздерден ажыратылады.

321. Газға от салу кезінде жарылыстан сақтану үшін келесі жұмыстар жүргізіледі:

1) реакторды генераторды, камераны бастапқыда жарылыс қауіпті қоспалардың жоқ болуына тексереді (желдетеді немесе ауамен үріп тазартады);

2) жанған білтені енгізіп, шілтердің астына қояды;

3) газды береді.

322. Газға от салуды жайлардың (камераның) ауасында жарылыс қауіпті газдың шоғырлануы алынған үлгілердің немесе экспресс-сараптаудың нәтижесінде өртенудің төменгі шегінен 20 пайыздан аспайтын жағдайда жүргізіледі.

323. Өртенетін газдармен немесе күйе-газды қоспалармен технологиялық операциялар жүргізілетін құбыр желілері және аппараттар артық ауаны тартпауы үшін жоғарғы қысыммен жұмыс істейді.

324. Алынатын тұтқалары бар тығын крандарын қолданғанда текше ұшында ағын бағатын көрсеткіштерді ойып жасайды.

Компрессордың құбырларында итеретін және соратын тығын арматурасын оған барынша жақындатады және қызмет көрсетуге ыңғайлы аймаққа орналастырады.

325. Компрессорлар мен олардың газ құбырларын біріктірілуі жүйелі түрде тұмшалылыққа тексеріледі.

326. Компрессормен ауа толтыруды жанатын газ бен шаң қоспасы жоқ аймақта жүргізеді. Ауаны жинау орнын ылғалдың және бөгде заттардың түсуінен қорғайды.

Сорып алынған ауа механикалық қоспалардан сүзгіштермен тазартылады.

Компрессорды қабылдауға газ беру жарықтық және дыбыстық дабылмен жабдықталған сұйықтықты бөлгіштер (сепараторлар), сепараторда сұйықтықтың қолжетімді шекті деңгейіне жеткенде компрессорды тоқтататын оқшаулау арқылы іске асырады.

327. Компрессорлық станция бөлмесі келетін-шығатын желдеткіштің тұрақты әрекет етуші жүйесімен жабдықталады.

Көмірсутекті газды аударып құятын компрессорлар бөлмедегі көмірсутекті газдардың қоспасы жарылғыштықтың төменгі шегінің 50 пайыздан аспайтын шекке жеткенде компрессорларды автоматты ажырату жүйесімен жабдықталады.

328. Жұмыс режимінен ауытқу болған жағдайда жұмыстар компрессорды апаттық тоқтатуды жүргізеді.

Компрессор әрбір тоқтатылған сайын оның жұмыс істеп тұрған кезінде қол жеткізілмейтін қозғалатын тетіктері қарастырылады және қызудың рұқсат етілетін температурасынан асып кетпегеніне көз жеткізіледі.

329. Көзге түскен жарамсыздықтары дереу түзетіледі.

330. Тексеру, жөндеу және ұзақ уақыт мәжбүрлі ажыратудан кейін (резервтіктен басқа) компрессорды қосу тек жауапты тұлғаның жазбаша рұқсатымен ғана жүргізіледі.

331. Резервтегі компрессорлар қабылдау желісі бойынша да итеру желісі бойынша да тығын арматурасымен ажыратады.

332. Компрессорды ашып, шашып жөндегенде барлық технологиялық құбырлар мен отын газы линиясынан бітеуіштердің көмегімен ажыратылып, факелге үрленеді. Компрессорлық бөлменің кіретін есіктерінің сыртқы жағына "Бөгде адамдарға кіруге болмайды" деген ескерту плакатын іледі.

333. Оттегімен байытылған ауа айналысқа түсетін техникалық құрылғылар көк түске боялған және циферблатында "Оттегі, май қауіпті" жазуы бар арнайы оттегі манометрлерімен жабдықталады.

334. Ауаны бөлу блогының бағанасы уақытша (3 сағаттан астам уақытқа) тоқтаған жағдайда бағанадан азот толығымен шығарылады.

335. Ауаны бөлу блогының бағанасында кенеттен қысым технологиялық регламентпен белгіленген жұмыс диапазондары деңгейінен төмендегенде келесі әрекеттер жүргізіледі:

- 1) ауа компрессорын тоқтатады;
- 2) барлық коммуникациялардағы қысымды азайтады;
- 3) орын алған жағдай туралы жауапты тұлғаға хабарлайды.

Ауаны бөлу блогын ректификациялық бағананың конденсаторында, кубында (буландырғышта) технологиялық регламентпен белгіленген нормалардан асатын мөлшерде органикалық қосындылардың (майлар, ацетилен) пайда болуы кезінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

336. Сұйық азотты ауаны бөлу блогынан Дьюар ыдыстарына құю жауапты тұлғаның жазбаша рұқсатымен ғана жүргізіледі.

337. Ауамен салқындату аппаратын монтаждаудан немесе жөндеуден кейінгі іске қосу алдында тексереді:

1) арматураның, БӨАЖА жарамдылығын;

2) агрегаттардың және қоршаудың секцияларының қақпақтарының бұрандалы қосындыларын бекітілу сенімділігін;

3) жерсіндірудің бар болуын, электроқондырғыларды орнату ережелерінің белгіленген тәртіппен бекітілген талаптарына сәйкес;

4) тартпаның жұмыс аймағында адамдардың бар болуын;

5) қысқы уақытта қалақтарда мұз қатпауын.

338. Ауамен салқындату аппаратының жұмысы кезінде рұқсат етілмейді:

1) вентилятордың сақтандыру торын және муфтаның қоршауын алып тастауға;

2) қайсыбір бөліктерін бекітуге немесе жөндеу жүргізуге;

3) өндіруші зауыт рұқсат бермеген суландыруды қолдануға.

339. Аппаратты пайдалану кезінде коллектордың және диффузордың люктары жабылады.

340. Аппаратты жөндеуге дайындау кезінде, секцияларды өнімнен босатады және істеп тұрған құбыр желілерінен қақпақшалар салу арқылы ажыратылады.

Секцияларға салынған өнімдердің түріне қарай оларды ашу алдын екпінді су буымен инерттік газбен үріп тазартады, сумен шаяды немесе таза ауамен үрлеп тазартады.

341. Қашықтан немесе автоматты басқару құрылғылары жоқ кезде қалақтардың қозғалыс бағытын реттеуді – электр сызбасын ажыратып, электржабдықты сөндіріп, электротехникалық қызметкерлердің қатысуымен жүргізеді.

Электр қозғалтқышты бастапқыда қоршауды орнатып және бекітпей іске қосуға болмайды.

342. Өнімдердің аппараттың секцияларының коммуникацияларынан төгілуі жағдайында төгілу жерлеріне су буы беріледі және аппарат ажыратылады.

Қыс айларындағы жұмыс кезінде, өнім қатпас үшін, қалақтардың шабуылының ең төменгі бұрышы қойылады.

Тоңазытқыштарды ұзақ уақытқа тоқтатқан жағдайда, аппараттың секцияларын құбыр желілерінен ажыратады және еріп кетпеуі үшін сығымдалған ауамен немесе азотпен тазартады.

343. Мерзімді түрде, бірақ кемінде айын бір рет, жүргізіледі:

1) секция құбырларының бұрыштамаларын кірден тазарту;

2) вентилятордың қалақтарында шытынаулардың жоқ болуын тексеру.

Вентилятордың қалақтары диффузорға ілінген жағдайда аппаратты пайдалануға рұқсат етілмейді.

Ілініс айқындалған жағдайда, вентилятор тоқтатылады және диффузор мен қалақтар арасындағы қуыс кергілердің көмегімен реттеледі.

Вентилятордың жұмыс істеуі кезінде редуктордың жағдайын бақылауда ұстайды. Редукторда бөтен шу пайда болғанда, вентиляторды тоқтатады.

344. Факел жүйелерінің техникалық құрылғылары құрылымының жинақтылығы факел жүйелерінің ГДҚО қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді.

345. Факел жүйелері бақылау және автоматика құралдарымен жабдықталады, олар мынаны қамтамасыз етеді:

- 1) автоматты, қашықтан алауды жағуды басқаруды;
- 2) кезекші от жанатын мойындарына берілетін отын газының қысымын реттеу;
- 3) операторлық технологиялық құрылғыдан (объектіден) факел жүйесін қашықтан бақылау және басқару.

Алау жүйелерін басқарудың, бақылаудың және автоматтандырудың техникалық құрылғысы электрмен қамтамасыз етудің сенімділігі бойынша бірінші санаттағы тұтынушыларға жатады.

346. Алау бағанының биіктігі, оны орналастыру, алау бағанымен іргелес ғимараттар және құрылыстар арасындағы биіктік жобалық құжаттамада беріледі және атмосфералық ауаның рұқсат етілген нормасына, рұқсат етілген жылу ағыны мен өртке қарсы нормаларға қарай есептеулерге негізделеді.

Факел бағаны кергілерінің саны, құрылымы және бекіту тәсілдері оларды мүмкін болатын бүлінуден қорғауды қамтамасыз ету талаптарымен, оның ішінде көліктік құралдармен жобаланады.

Ескерту. 346-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

347. Факел бағанының айналасындағы аумақты жобалық құжаттамада негізделген радиусте жоспарлайды, қоршайды және өсімдіктерден тазартады. Факел бағанының қоршауда қызметкер өтетін жер және "Бөгде адамдарға круге болмайды" деген ескерту жазумен көлік өтетін орын қарастырылады.

348. Факел жүйесінің жабдығына қызмет көрсету үшін жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ететін сатылар мен алаңдар қарастырылады. Сатылар мен алаңдар жұмыскерлердің алау бағаны жабдығына ыңғайлы және қауіпсіз қызмет көрсету талабымен орнатылады және күтіп ұсталады.

349. Қоршалған аумақ шегінде құдық, орлар және басқа ойық жерлер құруға жол берілмейді.

350. Факел жүйелерін күтіп ұстауды және оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті, ГДҚО бойынша ережені бақылау үшін алау жүйелерінің құрылғысын және қауіпсіз пайдалануды білуді тексеруден өткен мамандар қатарынан жауапты тұлғалар белгіленеді.

351. Жөндеу жұмыстарын жүргізу алдында алау жүйесін тығындармен кеседі және үрлеп тазарту сапасын кейіннен бақылай отырып, инертті газбен үрлеп тазартады.

352. Факел жүйесін әрбір қосар алдында ауаны жарылғыштықтың төменгі шегінің 25 пайыздан аспайтын оттек құрамына дейін ауаны атмосфераға итеріп шығару үшін инертті немесе көмірсутекті газбен үрлеп тазартады.

Ескерту. 352-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

353. Факел құбырларын пайдалану процесінде:

- 1) ауаны сорып алу және онда жарылғыш қауіпті қоспалардың пайда болу мүмкіндігін болдырмайды;
- 2) олардың мұз тығындармен бекітіліп қалу мүмкіндігін болдырмайды;
- 3) үрлеп тазалайтын газдың алау жүйесіне үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді (егер технологиялық процесте жеткілікті көлемде үнемі шығару қарастырылмаса);
- 4) конденсатты ұстау және жинау үшін техникалық құрылғыны уақытында босатуды қамтамасыз етеді.

354. Алау құрылғылары өрт сөндіру құралдары мен өрт сөндіру жарақтарымен жабдықталады.

355. Технологиялық құбыр желілерін ГДӨН техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес тексеруден өткізеді және күтім жасаушы қызметкерлер ауысым сайынғы көзбен шолуларды жүргізеді, нәтижелері ауысымдық журналға жазылады.

356. Технологиялық құбыр желілерін тұйық учаскелерсіз салады. Құбыр желілерінің жайлардың ішкі қабырғалары арқылы өтетін тұстары гильзалармен және нығыздаушы құрылғылармен жабдықталады.

357. Су мен конденсат сөзсіз шығатын/қордаланатын жерлерде, оларды дренаждау шараларын қарастырады.

358. Құрамында ылғал бар газдардың және өнімдердің құбыр желілерін мұздамауы үшін жылу изоляциясымен қорғанады және жылытумен жабдықталады.

359. Изоляцияның жанар заттарға шылқыған учаскелері айқындалған жағдайда, өздігінен өртенуді болдырмау шаралары қолданылады.

360. Құбыр желілеріндегі тиек арматурасын гидравликалық соққы болмас үшін баяу түрде ашады және жабады.

Редукторы немесе штоқтың жасырын қозғалысы бар тиек органы бар тиек арматурасына олардың айналуы бағытын көрсететін жазуларды көрсетеді: "Ашық", "Жабық".

Тиек арматурасы технологиялық сызбаға сәйкес нөмірленеді.

361. Жарылыс-, өрт қауіпті және агрессивтік газдар мен өнімдерді айдауға арналған құбыр желілерінде "қамыттарды" қоюға рұқсат етілмейді.

362. Жерасты салынған құбыр желілеріне, олардың аспаларына және тіреулеріне техникалық бақылау жүргізіледі. Құбыр желілеріндегі, олардың аспаларындағы және тіреулеріндегі ақаулар бірден жойылуы тиіс.

363. Сығымдалған газдың жерасты құбыр желісінің бойымен құбыр желілерінің түзу учаскелерінде және әрбір бұрылысында айыратын белгілер қойылады.

Зауыттың аумағынан тыс цех аралық құбыр желілері үшін белгілер әрбір 200-300 метр сайын және әрбір бұрылысында қойылады.

364. Құбырларды үрлеп тазарту үшін оларға инертті газды немесе буды жеткізу құбыр желілерінің алынбалы учаскелері немесе иілгіш шлангілер арқылы, алынбалы учаскенің екі жағынан тиек арматурасын қою арқылы, жүргізіледі. Үрлеп тазарту аяқталғаннан соң құбыр желілерінің аталмыш учаскелерін немесе иілгіш шлангілерді алып тастайды, ал тиек арматурасына қақпақшалар қойылады.

365. Күкіртті сутектен тұратын өнімдерді таситын технологиялық құбырлардың дәнекерленетін біріктіргіштері ішкі кернеуді алу үшін және 100 пайыз бұзылмайтын бақылау үшін термикалық өңделеді (жоғары жіберу режимі бойынша).

366. Күкіртті сутек сұйықтықтары үшін дренаждаудың бөлек жүйесі қарастырылады. Суландырылған күкіртті сутектен тұратын ортаны дренаждауға арналған дренаждау құбырлары жылытылады.

367. Пайдаланылмайтын жабдық (резервтік аппараттар, құбырлар және тағы да басқалар) күкіртті сутектен тұратын технологиялық ортадан бекіткіштер орнату арқылы әрекет етуші жабдықтан ажыратылады.

Ажырату техникалық себептермен болатын пайдаланылмайтын жабдық тек қысымды арматура көмегімен ғана жүргізіледі, тотығудан әрекет етушімен бірдей қорғалады. Оның тотыққан күйі үшін реттеуші бақылау іске асырылады.

Пайдаланудан бір айдан аса мерзімге шығарылған жабдық (апаттық резервтен басқа) тоқтатылады.

368. Сығымдалған газдарды және құбырлы конденсатты сақтау және тасымалдау, ыдыстарды толтыру мен босату операцияларына технологиялық регламент дайындалады.

Ескерту. 368-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

369. Ыдысқа 15 Цельсий градус және одан жоғары температуралы өнімді толтыру деңгейі – геометриялық көлемнің 85 пайыздан артық болмауы тиіс.

370. Газдың температурасы 15 Цельсий градус төмен жағдайда ең көп толтыру мәнiнiң есебi:

- 1) пропан үшін – ыдыстың 1 текше метр 425 килограмм;
- 2) бутан үшін – ыдыстың 1 текше метр 488 килограмм.

Ыдысқа өнімді еркін құлау ағынымен беруге рұқсат етілмейді.

Сұйықтың деңгейін, өнімнің температурасы мен қысымын жүрісті (өлшемді) ыдыстарда әрбір 2 сағат сайын, ал тауарлық (қойма) ыдыстарында – кемінде әр ауысым сайын бір рет.

Бақылаудың нәтижелерін вахталық журналда тіркейді.

Ыдыстардан үлгілерді алуды жұмыстарға рұқсаты бар оператор жүргізеді.

371. Төгілетін-құйылатын жанатын өнімдердің теміржол цистерналарын орнату (беру) тәртібі техникалық регламентпен реттеледі.

Цистерналардың дөңгелектері төгу және құю кезінде рельс жолында аяқ киіммен белгіленеді.

372. Мынадай кезде эстакададан 100 метрден кем қашықтықта отпен жүргізілетін жұмыстарды орындауға рұқсат етілмейді:

- 1) теміржол цистерналарын беру;
- 2) жанатын өнімдерді төгу-құю.

373. Теміржол цистерналарын төгу-құю операциялары локомотивті эстакада аумағынан эстакададан 100 метрден кем қашықтыққа алып кеткеннен кейін жүргізеді.

374. Цистерналарды төгу-құю участогына баратын теміржол жолдары мен жолдарға "Токта", "Өтуге болмайды", "Цистерналардан төгу-құю жүргізілуде" деген жазулар ілінеді.

375. Төгу-құю эстакадаларының теміржол жолдары қозғалмалы құрамның төгу-құю операциялары орындалатын жолға кіру мүмкіндігін болдырмайтын құрылғымен жабдықталады.

376. Сұйытылған газ бен аз қайнайтын (қоршаған ортаның температурасынан төмен қайнау температурасымен) жанатын сұйықтықтарды құю (төгу) операцияларын қауіпсіз жүргізу үшін құбырларда пардың пайда болуы, кавитацияланудың (түйіршік жолақтардың пайда болуы), гидравликалық соққының және цистерналардың төгу және құю жүйесі элементтерінің механикалық бүлінуіне алып келетін басқа құбылыстарды болдырмайтын шаралар қабылданады.

377. Теміржол цистерналарына сұйытылған газдарды, тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтарды құю және төгу операцияларын жүргізу үшін техникалық негізделген жағдайларда және шланг сапалары пайдалану талаптарына сәйкес келгенде майысқақ шлангілерді (жендерді) қолдануға рұқсат етіледі.

378. Майысқақ шлангтерді (жендерді) сызаты, кесілген жерлері, тесілген жерлері және осыған ұқсас жағдайларды анықтау мақсатында күн сайын қарап шығады.

379. Майысқақ шлангтерді (жендерді) кемінде үш айда бір рет төзімділігін сынаулар нәтижелері туралы жазумен 1,25 жұмыс қысымына тең қысыммен гидравликалық сынақтан өткізеді.

380. Майысқақ шлангтерді қолдануға рұқсат етілмейді:

- 1) тұрақты құбырлар ретінде;
- 2) сызаттары мен кесілген жерлері болса.

381. Цистерналардың люк қақпақтарын ашу және жабу жел жағында тұрып жасалады.

382. Цистерналардың люк қақпақтарын ашу және жабу, шлангтерді, телескопиялық құбырларды және басқа аспаптарды біріктіру соққысыз, ақырын жүргізіледі.

383. Цистерналарға құю сұйықтық деңгейімен біркелкі ағынмен жүргізіледі, бұл үшін шлангтың ұшы цистернаға оның төменгі жағына дейін түсіріледі.

384. Найзағай және секундына 15 метрден асатын жылдамдықтағы жел кезінде төгу-қю операцияларын жүргізуге рұқсат етілмейді.

385. Егер өнім буының қалған қысымы 0,05 мегапаскаль (0,5 атм) аз болса, бірінші рет немесе жөндеуден кейін құйылатын цистернадан басқа, цистернаға құюға рұқсат етілмейді.

Цистерналардан төгу мен құю түнгі уақытта жауапты инженер-техник қызметкердің басшылығымен жүргізіледі.

Төгу мен құю жұмысын кемінде екі жұмыскер орындайды.

386. Күкіртті сақтау алаңын жасау мен күкіртті тиеу мына жағдайларда болмайды:

- 1) желдің жылдамдығы секундына 15 метрден асса;
- 2) найзағайда;
- 3) көріну шектеулі болғанда (50 метрден аз).

387. Жабдықтың герметизациялауын алуға, қарап шығуға және жөндеуге дайындаумен байланысты жұмыстарды бастар алдында:

1) жұмыстарды ұйымдастыру жоспары дайындалады, онда пирофорлық шөгінділердің өздігінен тұтануын болдырмау (флегматизация, дезактивация) іс-шарасы, оларды белгіленген жерге жинау, көміп тастау (бейтараптандыру) тәртібі және бұл жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары анықталады.

Жұмыстарды ұйымдастыру жоспарын ГДӨО техникалық басшысы ӘАҚК келісімі бойынша бекітеді;

2) жұмыс орнында жұмыс бригадасының (тобының) барлық мүшелерімен пирофорлық заттардың өртте жарылу қасиетін, олардың белсенділігін жою, жинау, көміп тастау (бейтараптандыру) тәсілдерін қарастырылып, бұл жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізіледі;

3) газға қауіпті жұмыстар өндірісіне наряд-рұқсат ресімделеді.

388. Пирофорлық шөгінділердің ыдыстар мен аппараттар қабырғасында от алуын болдырмау үшін қарап шығу және жөндеу алдында бумен немесе босатылу шамасына қарай сумен толтырылады.

389. Буда беру ыдыстар мен аппараттарда барлық уақытта қысым атмосфералықтан біраз жоғары болатындай қарқынмен жүргізіледі. Бу шығыны ыдыс пен аппараттың бетіне шығуы бойынша бақыланады.

390. Аппараттарды, сыйымдылықтарды булау кезінде олардың бетіндегі температура 60 Цельсий градустан төмен болмауы тиіс.

Ескерту. 390-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

391. Жабдықты бурлау ұзақтығы өнімнің химиялық құрамына байланысты, бірақ 24 сағаттан кем емес болып белгіленеді.

392. Аппараттарды булау, люктер жабық кезінде жүргізіледі.

Ескерту. 392-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

393. Булау кезеңінің соңында пирофорлық шөгінділерді өлшегіш құрылғы көмегімен (бақлаушы шығыс өлшегіштер) жабдыққа 3 – 8 пайыз көлемдік (15 – 40 процент көлемдік ауа) құрамында оттегі бар өлшенген булы ауа қоспаны тиісінше 3-6 сағат бойы беру арқылы іске асырылады.

394. Көрсетілген іс-шаралар орындалмағанда жабдық жоғарғы деңгейге дейін сумен толытырылады. Толтырғаннан кейін пирофорлық шөгінділердің баяу қышқылдануын қамтамасыз ету үшін су деңгейі сағатына 0,5 метрден аспайтын жылдамдықпен төмендейді.

395. Қоршаған ортаның теріс температурасы кезінде жабдық жылытылған сумен немесе бу бар сумен жуылады (толтырылады).

396. Жабдықты жуу және булау үшін тұрақты немесе ауыспалы штатты құрылғы мен бу мен су беруге арналған коммуникациялар қарастырылады.

397. Жуу аяқталғанда жабдық ауамен желдетіледі (бастапқыда бу аз түскенде).

398. Жабдықты желдетуге арналған люктер онда атмосфералық ауаның қарқынды қозғалысын болдырмау үшін жоғарғыдан бастап ашылады.

399. Ауа ортасын улы және жарылғыш қауіптіге дейінгі құрамын бақылау сынамасын іріктеу кезеңділігі, орны және бақылау әдістері өкімхат-рұқсатта көрсетіледі.

400. Ыдыстар ішіндегі газдың зиянды заттар құрамын бақылау кемінде сағатына бір рет іске асырылады.

401. Жабдықты тазалау кезінде қабырғалары мен басқа беттеріндегі пирофорлық шөгінділер оларды тазалау аяқталғанға дейін ылғал күйде болуы үшін сумен көп шыланады.

402. Механикаландырған тәсілмен (мысалы, төменгі люк-лаз арқылы жинау және сорып алғыш құрылғымен сыру көмегімен) Пирофорлық шөгінділерден жабдықты тазалау жұмыстары жабдық ішінде жұмысшының болуын талап етпейді, оны технологиялық регламентке сәйкес алдын ала парлаусыз және газсыздандырусыз жүргізуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте жабдық:

1) жанатын өнімнен босатылады;

2) барлық құбырлардан бекіткіштермен ажыратылады;

3) ішкі кеңістік орташа және жоғары есе ауа-механикалық көбікпен толтырылады және тазалау жұмыстарын жүргізу процесінде жабдықты көбікпен толтырудың үнемі болуын қамтамасыз етеді.

403. Жабдықты жуу жұмысын орындау кезінде статикалық электр разрядының туындауын болдырмайтын жағдайды қамтамасыз етеді.

404. Жабдықтан алынған шөгінділер су қабаты астында немесе жанатын булар мен газдардың бөлінуі немесе жиналуы мүмкін болатын орындардан алыста орнатылған ыдыстарда ылғалды күйде болады.

405. Жабдықты тазалау аяқталғанда пирофорлық шөгінділер объект аумағынан ылғалды күйде жобада осы үшін бөлінген жерге апарып тасталады.

406. Аппаратты, сиймдылықтарды, құбыр участогын инертті (түтінді) газдармен үрлеу технологиясын пайдаланумен дайындық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде олардағы оттек құрамы 5 пайыз көлемдіктен аспайды.

Ескерту. 406-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 30.12.2022 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

407. Зерттеу мақсаттары үшін пирофорлық шөгінділер сынамасын іріктеу:

1) ГДӨО техникалық басшы рұқсатымен;

2) жұмыс басшыларының қатысуымен;

3) оқытылған персоналдардың күшімен арнайы сынама іріктегішпен жүргізіледі.